

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**10-11-СЫНЫПТАРДАҒЫ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» (Т2) ПӘНІНІҢ
ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ДИДАКТИКАЛЫҚ
МАТЕРИАЛДАР**

Әдістемелік құрал

Астана
2014

Баспаға Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесі ұсынған (2014 жылғы 29 тамызы № 7 хаттама)

Қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілі пәнінің жаңартылған мазмұны бойынша дидактикалық материалдар. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014. – 65 б.

Ұсынылып отырған әдістемелік құралда қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілі пәнінің жаңартылған мазмұны бойынша оқушылардың тілдік қорын дамыту мақсатында мәтіндер, өлеңдер, мақал-мәтелдер, ойын жаттығулары жинақталған.

Әдістемелік құрал қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2014

Кіріспе

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінің алдында білім берудің мазмұнын жаңарту міндеті тұр. Білім жүйесінің жаңа моделінің негізгі міндеттерінің бірі – оқыту үдерісін ұлттық құндылықтарға негіздей отырып, қазақ тілді емес мектептердегі оқушыларға қазақ тілі пәнін деңгейлеп оқытуды ұйымдастыру. Сонымен қатар, жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымын қалыптастыруға, әлемдік сапа деңгейін, білім негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру.

Осы міндеттерге орай қазақ тілін оқыту сапасын арттыруда белгілі бір жүйеге құрылған, нәтижеге бағытталған, мақсатты жұмыстар атқарыла бастады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев дәстүрлі Қазақстан халқына Жолдауларында мемлекеттік тілге қатысты: «Қазақстандықтардың өзіміз өмір сүріп, елімізді жақсылықтарға бастап бара жатқан туған жерге атауын берген, мемлекеттік қазақ тілін құрметпен және лайықты оқып-үйрене бастағандығын атап өтудің өзі қуанышты. Бүгінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген ересек тұрғындардың үлесі басым көпшілікті құрайды. Бұл тәуелсіздіктің орасан зор жетістігі. Біздің міндетіміз – 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға жеткізу. Ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайыз құрауы тиіс. Енді он жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді біліп шығатын болады» [1], «...Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» [2], – деп айтып өткен болатын.

Қазіргі кезде жалпы білім беретін орыс тілді мектептердегі қазақ тілі пәнінің оқу бағдарламасы Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқу бағдарламасына негізделіп, жаңартылуда.

Жаңартылған оқу бағдарламасы оқушының іс-әрекетіне, күнделікті өмірде қажетіне жарата білуіне қарай бағытталған. Аталған бағдарлама оқушының тек тілді меңгеруіне ғана емес, сонымен қатар жан-жақты дамуына жол ашады және тандап алынған тақырыптар күнделікті өмірімен сабақтасады.

Қолданыстағы оқу бағдарламасы грамматикалық дағдыларға негізделіп, лингвистикалық терминдерге баса назар аударылып, материал таңдауда мұғалім еркіндігі шектеулі болатын, ал жаңартылған оқу бағдарламасында оқу материалын таңдау еркіндігі мұғалімнің өзінде. Мұғалім білім көзі ретіндегі рөлінен білім берудегі бағыттаушы рөліне ауысады.

Бүгінгі жалпы білім беретін мектептердің «Қазақ тілі» пәні бойынша жаңартылған оқу мазмұны оқушылардың білім, білік және дағдыларына қойылатын талаптар «Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті» (CEFR) деңгейлерін (A1, A2, B1, B2, C1) негізге ала отырып айқындалған және әр деңгейдің соңындағы күтілетін нәтижелер түрінде берілген, яғни бағдарламадағы екінші тіл деген терминінің орнығуы - тілді үйренушілердің

әлемдік деңгейіне сәйкестендірілген.

Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдылары коммуникативтік дағдылар болып табылады. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар. Сабақты аталған дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгеруге мүмкіндік береді. Қазақ тілін осы дағдылар арқылы оқыту - кіріктірілген бағдарламаның басты бағыттарының бірі [3].

10-11-сыныптардағы «Қазақ тілі» (Т2) пәнінің жаңартылған мазмұны бойынша дидактикалық материалдар» әдістемелік құралының мақсаты – 10-11-сынып оқушыларына арналған дидактикалық материалдар жинағын әзірлей отырып, қазақ тілінің оқыту әдістемесін жетілдіру болып табылады.

Бұл мақсаттан төмендегідей міндеттер туындайды:

– 10-сынып оқушыларына арналған дидактикалық материалдарды іріктеп, зерделеу;

– 11-сынып оқушыларына арналған дидактикалық материалдарды іріктеп, зерделеу;

– ерекшеліктерін сипаттау;

– үлгілерін әзірлеу.

Түптеп келгенде, 10-11-сыныптардағы «Қазақ тілі» (Т2) пәнінің жаңартылған мазмұны бойынша әзірленген дидактикалық материалдардың білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін және шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеуде көмекші құрал ретінде өз септігін тигізері сөзсіз.

1 10-сыныптағы «Қазақ тілі» (Т2) пәніне арналған дидактикалық материалдар

10-сынып оқушыларына арналған оқу бағдарламасында төмендегідей бөлімдер берілген:

1-бөлім Туризм: экотуризм.

2-бөлім «Өнер және әдебиет». Көркем жеткізудің әртүрлі жолдары.

3-бөлім Өнегелі өмір.

4-бөлім Ғылыми жаңалықтар мен технология.

5-бөлім Мейрам және салт-дәстүрлер.

6-бөлім Адам еңбегі және жасампаздық қабілеті.

7-бөлім Сауда және сауда түсімі: екі жақты келісімді сауда.

8-бөлім Адам өмірін сақтау (Денсаулық үшін жасалатын таңдаулар).

9-бөлім Жастар мәдениеті. Қоғам және интернет. Қазіргі қоғам.

1-бөлім Туризм: Экотуризм

1-тапсырма. Тыңдалым. Мәтінді тыңдап, туризм туралы өз ойларыңызды жүйелі жеткізіп, пікір айтып, бағалаңыздар. «ПОПС» формуласын пайдаланыңыздар.

«ПОПС» формуласы

- *Бірінші сөйлем* «Менің ойымша, ... »
- *Екінші сөйлем* «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »
- *Үшінші сөйлем* «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »
- *Соңғы сөйлем* «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»

Туризм

Адамзат тарихында саяхаттау сауданы дамыту, жаңа жерлерді жаулап алу және игеру, ресурстарды іздеу мақсатымен пайда болды.

«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңда берілген анықтама бойынша: «Туризм – жеке тұлғалардың ұзақтығы жиырма төрт сағаттан бір жылға дейін, не жиырма төрт сағаттан аз, бірақ уақытша болған елде (жерде) ақы төлейтін қызметпен байланысты емес мақсатта түнеп өтетін саяхаты» [4].

Туризм анықтамасын үш топқа топтастыруға болады. Бірінші топқа, туризмді рекреация түрі, бос уақытты өткізуде, сапар және адамның денсаулығын нығайту, әрі оның мәдениетін және білім деңгейін жоғарлатуды үйлестірген қызмет көрсету саласын қолдану (адамның физиологиялық, интеллектуалдық және эмоционалдық күшін қалпына келтіру) ретінде сипаттайтын анықтамалар жатады.

Туризм анықтамасының екінші тобы, оны халық миграциясының бір түрі ретінде қарастырады, қозғалу актісімен, саяхатпен, кеңістікті жеңумен туризм

статистиканың құралы ретінде сипатталады.

Анықтаманың үшінші тобы, туризмді күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде сипаттайды, оның әртүрлі қасиеттер мен қатынастарының бірлігін көрсетеді, ішкі мәнін ашады.

Статистикада туризм, мекен-жайды немесе жұмысты ауыстырумен байланысты емес, халық миграцияның бір формасы ретінде қарастырылады. Туризм басында адамдардың өз тұрақты мекен-жайынан басқа жерде қозғалысы және уақытша болуы деген мағынада айтылған. Бірақ тарихи даму процесінде бұл ұғымның мазмұны мен мәні өзгеріске ұшырады және толықтырулар енгізілді. БҰҰ 1954 жылы қабылданған анықтамасы бойынша: «Туризм – бұл денсаулықты нығайтуға, адамның денесін шынықтыруға әсер ететін, тұрақты мекен-жайдан тыс жерлерге барумен байланысты активті демалыс [5].

2-тапсырма. Оқылым. Мәтінді оқып, экотуризм туралы түсінгендеріңізді қағаз бетіне түсіріңіздер.

Экотуризм

«Экотуризм» термині тұрақты даму терминімен бір уақытта пайда болды. Экологиялық туризм әдемі ландшафтарға, олардың жабайы өсімдіктер мен аңдарына, сол жердің мәдени этнографиялық ерекшеліктеріне сүйсіну (рақат алу) мақсатында адамның шаруашылық қызметінің қолы тимеген әрі ласталмаған табиғи аудандарына саяхат жасауды білдіреді. Сонымен қатар, ол экологиялық жүйелердің тұтастығын бұзбай, жергілікті тұрғындар үшін табиғатты қорғау пайдалы болатындай экономикалық жағдайларды туындатады.

Осылайша, экологиялық туризм қоршаған ортаның табиғи түйінді сақтауын, жергілікті тұрғындардың мүдделерін қанағаттандыра отырып, белгілі бір пайда әкелуін көздейді.

Экологиялық білім беру – экотуризмнің ажырамас сипаттамасы болып табылады. Ол екі аспектіні қамтиды:

1) Ақпараттық – экологиялық заңдылықтар, аймақтық мәдениет пен табиғаты, т.б. туралы білім алу;

2) Этикалық-экологиялық менталитетті қалыптастыру – табиғат пен дәстүрлі мәдениетті түсіну және құрметтеу, оларды сақтау қажеттілігін түсіну [6].

3-тапсырма. Айтылым. Суреттерге қарап, туризм мен экотуризм туралы өзара әңгімесіңіздер (1-сурет).



1-сурет – Экотуризм

4-тапсырма. Жазылым. «Туризм: экотуризм» тақырыбы бойынша бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен салыстыра отырып, креативті эссе жазыңыздар.

2-бөлім «Өнер және әдебиет». Көркем жеткізудің әртүрлі жолдары

1-тапсырма. Тыңдалым. «Алдар көсе – өнер күші» (<http://kaztube.kz/ru/video/98673>) мультфильмінің бастапқы бөлігін көріп, аяқталуын өздеріңіз болжап, ерекшелігін кестеге толтырыңыздар (1-кесте).

1-кесте – Болжау кестесі

Мәтін бөлімдері	Қандай мәселе көтеріледі? (не болады?)	Шындығында қандай мәселе көтерілді? (Не болды?)
	2 сөйлемнен кем емес болжау.	2 сөйлемнен кем емес ақпарат.

2-тапсырма. Оқылым. Мәтінді оқып, сөйлемдердің стилін анықтаңыздар. Топ болып ақылдасып, автор туралы мәлімет дайындаңыздар (2-кесте).

2-кесте – Автор туралы мәлімет

Бірінші жақтан баяндайтын автор	Үшінші жақтан баяндайтын автор

Көп білетін автор	Күмәнді автор

Өмір мен Өнер

Әрбір адамның әйтеуір бір өнермен байланысы бар, біреулер өнердің

жілігін шағып, майын ішеді, біреулер өнер десе, ішкен асын жерге қояды, жанын беріп тыңдайды, насихаттайды, өнермен демалады, өзін тәрбиелейді. Бір данышпандар «Өмір мен өнер егіз ұғым» дейді емес пе? Бұл сөздің қаншалықты рас екенін білмеймін, бірақ, өнерді тудыратын өмір екенін, өнердің өмірге қызмет ететінін де мойындаймын.

Мектепте жүріп ән де айттым, би де биледім, сахналық қойылымдарда да өнер көрсеттім. Бірақ, мұның бәрі әрбір адамда кездесетін жай ғана қызығушылық, кейде мәжбүрліктен болатын оқиғалар ғой. Содан кейін өлең оқитынмын. Ешкім жоқ жерде айқайлап өлең оқу маған бір қанат бітіретіндей... Прозаға ден қойдым. Шағын әңгімелер жазып, газет-журналдарға жариялай бастадым. Кейін ол да қалды. Өнер таза нәрсе, ол мен сияқты епсіздерді қабылдамады. Жаңа қалаға, жаңа ортаға келіп осыны түсіндім, өнерді, өнерліні шын бағалауды үйрене бастадым. Жай ғана өнердің жанкүйеріне айналдым.

Кітап оқуды бала кезден жақсы көретін едім. Адамның миы шексіз нәрсе емес, ол да толады. Сондықтан, кітапты таңдап-талғап оқу керек.

Дәстүрлі әндерге деген қызығушылығым пайда болды. Домбыраны шын құрметтей бастадым. Кішкентайымыздан үйде домбыра болды, бірақ, соны таптап жүре береді екенбіз, үйрену де ойға келмепті. Ортаңғы курста гитараға, бард өнеріне деген махаббатым оялды. Қызық екен, екеуі де аспап, екеуі де бір әнді орындайды, ал беретін әсері мүлде ұқсамайды.

Театр өнеріне ғашық болдым (2-сурет). Соңғы тиынымды театр билетіне жұмсайтынмын, әрбір жаңа қойылымға жаңа көйлек алып киетінмін (ол кезде бір стипендияға қарайтын кезіміз ғой). Жаныма еріп баратын адамдарға да ерекше назар аударатынмын. Ал шыққаннан кейін, менің бойымда бір өзгеріс болатын. Трагедия болмаса да, еріксіз жылағым келеді. Ешкімді жақтырмай, ешкімге сөйлегім келмей қалады... Жанның тазарғаны осы шығар, құлшылықтан кейінгіге ұқсамайды, бірақ, өз күші бар, әйтеуір...



2-сурет – Театр

Әпкем теледидар дегенді қатты жақсы көреді. Не болады, соны таңдамай көре беретін. Мен де соның күйін кештім. Киноға деген қызығушылық пайда болды. Сәл қол қалт етсе, кино үйлеріне тартып кететін болдым.

Классикалық музыкаға бет бұра бастадым. Тыңдайтыным: Бетховен, Моцарт, Шопен. Мына жерде «Ай сонатасы», «Моцарт музыкасы» туралы

жазғаным да осы себептен. Телефон әуендеріне де осыларды кезек-кезек ауыстырып қоятынды шығардым. Мақаланы да солармен бірге жазамын. Миымның, жанымның қалай тынығатынын жеткізе алмай отырмын.

Ал соңғы кезде операға, симфониялық оркестрге деген қызығушылығым ояна бастады. «Неге бұрын бармағанмын?», – деп таң қалдым. Операны өнердің биігі деп жатады ғой, менің санам оған тым төмен болғаны шығар, бәлкім... Жақында «Астана-Операның» концертіне барғанымда, өзім секілді бір қазақтың жоқтығына таң қалдым, өзімді сондай артық сезіндім. Біреулер, опера мен балетті түсінбейтіндіктерін айтып сылтау етеді, шындығында, өзім де солай ойлайтынмын. Бірақ, сол залдың атмосферасы адамды көп нәрсеге тәрбиелейді, рухани азық сыйлайды екен [7].

3-тапсырма. Айтылым. «Өмір мен Өнер» мәтіні негізінде «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы өз ойларыңызды айтыңыздар, өзгенің пікірін бағалаңыздар.

Ойлаудың алты қалпағы

«Ақ қалпақ» киген оқушы қажетті ақпаратты анықтап сөйлейді.

«Сары қалпақ» киген оқушы тақырыптың тиімділігін сендіре айтады.

«Қара қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша кемшіліктерді анықтайды.

«Қызыл қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша болжам жасайды.

«Жасыл қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша креативті, жаңа идеялар айтады.

«Көк қалпақ» киген оқушы тақырыпқа сараптама жасайды.

4-тапсырма. Жазылым. Мәтінмен танысып, «Маған сыры мәлім болған бір құпия...» тақырыбында достарыңызға хат жазыңыздар.

Бағаланатын қабілеттер:

- өткен шақта жазу;
- төл және төлеу сөз қолдану;
- бірінші жақты қолдану;
- уақытқа байланысты жалғаулықтарды қолдану;
- толық сипаттау;
- соңында эмоциялар мен сезімдер жазу.

Менің Мұқағалиым немесе ақын рухымен сырласу

Мен де өз Мұқағалиымды мақтан тұтамын. Себебі ақын еңбектерін оқи отырып шабыттанысың, таза бұлақтан су ішіп, мейірімді қандырғандай ләззат алып қанаттанасың, кемелденіп, бірге мұңайып, бірге толғанасың...

Иә, жұмбақ пен сырға толы ақын болу үшін ол адам бойына еш дәлелсіз 5 талапты шегелеп теорема жасады. Олар:

Бірінші: талант (білімді, сұңғыла талант).

Екінші: ұят (өзінің нашар өлеңдерін оқығанда өзінен-өзі ұялу үшін).

Үшінші: қарапайымдылық (Пушкин мен Абайдікіндей болмаса да, басқалар түсінетіндей адамдық қарапайымдылық).

Төртінші: түйсік (басқалар көре алмайтынды көру және тану).

Бесінші: еңбек (үнемі шындалып отыру үшін).

Менің Мұқағалиым – данышпан. Себебі ол болашағын болжап білген, көреген адам.

Өлеңдерім жай болып атылғанда,

Атылғанда, аспаннан оқылғанда,

Мылқауларға тіл бітіп, керең естіп.

Жанар пайда болады соқырларға.

Айна-қатесіз дәл солай болды. Жырының жай болып атылғаны да, аспаннан оқылғаны да бүгінгі күннің бұлтартпас шындығы... [8].

3-бөлім Өнегелі өмір

1-тапсырма. Тыңдалым. Ұсынылып отырған ресурс бойынша бейнебаянды (http://www.youtube.com/watch?v=_xNTsXivrUQ) зейін қойып тыңдаңыздар. Топтарға бөлініп, бейнебаян бойынша пікірлесіңіздер.

2-тапсырма. Оқылым. Мәтінді мәнерлеп оқып, сын есімдерді табыңыздар.



3-сурет – Салық Зиманов

Салық Зиманов – қазақ қоғамында ерекше қадірлі, Қаныш Сәтбаев сияқты ұлы ғұлама, ірі қайраткердің көзін көрген, ықыласына бөленген, қазір де асылдың көзіндей, солардың ізбасары іспеттес тұлға (3-сурет). Ол – еліміздегі заң ғылымының атасы болумен бірге, қазақ халқының ар-намысын биік ұстаған азамат. Ол тарихы мыңдаған жылға тереңдеп кететін қазақтың әдет-ғұрып заңдарын түбегейлі зерттеп, өзіне серік әріптестерін басқарып, «Қазақтың ата заңдары» атты он томдық теңдесі жоқ еңбекті жарыққа шығарды. Бұл – Салық Зимановтың ұлы ерліктерінің бірі әрі бірегейі.

Мен «Қазақ зиялылары туралы антология» топтамасынан «Заңғар» атты бейнефильмді түсірген кезде осы аяулы ағаның мінез-құлқы, жан дүниесі, ой-арманы, тіршілік салтымен жақын таныстым. Бұл адам туралы фильм түсіруді

өз жүрегімнің қалауымен таңдаған едім. Қателеспепмін. Ол кісімен әр жолыққан сайын бойға бір нұрлы сезім кұйылғандай, адалдықтың, ашықтықтың, тереңдіктің үлгісін көргендей күй кештім [9].

3-тапсырма. Айтылым. «Қазақтың тұңғыш ғалымдары» тақырыбы бойынша бір-біріңмен пікір алмасыңыздар.

4-тапсырма. Жазылым. Мәтінде берілген сөйлемдердегі көп нүктенің орнына қажетті сөзді тандап қойыңыздар. «Бүгінгі ұрпақтан хат» тақырыбы бойынша өмірі өнегелі тұлғаға хат жазып, «Автор орындығында» оқыңыздар.

Зиманов Салық 1990–95 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне халық депутаты болып сайланып, Жоғарғы Кеңес Төралқасының, Сыртқы қарым-қатынастар мен парламентаралық байланыстар ... мүшесі, Ардагерлер мен мүгедектер жөніндегі комитет ... болды. Білікті ... маман ретінде егемендік, тәуелсіздік жолын таңдаған Қазақстанның халықаралық қарым-қатынастарын заңдастырып, қазақ тіліне мемлекеттік ... беру, президенттік басқару институтын енгізу, құқықтық-демократиялық реформаларды жүргізу ісіне, т.б. белсене араласты. Ол 1992-93 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Консультативтік кеңестің, мемлекеттік саясат жөніндегі ... кеңестің мүшесі болды. 1986 жылы Желтоқсан... кезінде де ол азаматтық ерлік көрсетті. Империялық орталықтың үлкен лауазымды өкілдерінің қазақ халқы атына айтқан астам пікірлеріне тайсалмай қарсы шығып, ұлт намысын, ел ... нақты да кесімді дәлелдермен Қазақстан Республикасы құрылғаннан кейін зауытың ғылыми және қоғам-саяси қызметінің жаңа, ... кезеңі басталды. Қазақстанның Жоғарғы ... көптеген жаңа заңдарды қабылдауға тиіс болды. Осы жауапты тарихи кезеңде Зиманов Салық білімділік, қайраткерлік қырымен Қазақ мемлекеттігі мен қазақ халқының ... шешуші рөл атқарған «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның» (25. 10. 1990 ж.) жобасын дайындау жөніндегі комиссияны басқарды. Ел тарихындағы екінші бір аса ... саяси актінің – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңның (16. 12. 1991 ж.) жобасын дайындау жөніндегі комиссияның жетекші мүшелерінің бірі болды. Ол Жоғарғы Кеңестегі Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының ... әзірлеу жөніндегі Конституциялық комиссияның мүшесі болды, мұнда ол сарапшылар тобын

Зиманов Салық 10 томдық «Қазақтың ата заңдары» энциклопедиясына ... жетекшілік жасады [10].

Қажетті сөздер: төрағасы, абыройын, заңгер, тарихында, ғылыми, маңызды, жобасын, комитетінің, мәртебе, Кеңесі, танылды, ұлттық, оқиғасы, қорғап қалды, басқарды, жемісті.

4-бөлім Ғылыми жаңалықтар мен технология

1-тапсырма. Тыңдалым. Ұсынылып отырған ресурс бойынша

бейнебаянды зейін қойып тыңдаңыздар (<https://www.youtube.com/watch?v=-cOe1Upsoks>). Топтарға бөлініп, бейнебаян бойынша пікірлесіңіздер. Тақырып бойынша қандай ұсыныстар жасайсыздар?

2-тапсырма. Оқылым. Мәтінді мұқият оқып, «Қос жазба күнделігін» толтырыңыздар (3-кесте). Негізгі ақпаратты, маңызды жерлерін түсіндіріңіздер. Жұпта бір-біріңізбен талқылаңыздар.

3-кесте – Қос жазба күнделігі

Дәйексөз (цитата)	Түсіндірме (комментарий)

Нанотехнология

Қазіргі таңда нанотехнологиялар үлкен сұранысқа ие болып отыр.

Нанотехнологиялардың арқасында заманауи есептеуіш машиналар мен өндірістік технологиялардың, тіпті, дәрі-дәрмектердің де өндіріліп жатқаны баршамызға кұпия емес.

Нанотехнология – бұл адамның көзіне көрінбейтін майда бөлшектерді белгілі бір ретке келтіре отырып, оның ерекшеліктерін алдын-ала белгілеп беру арқылы әлдебір құрылымды қарастыруға қажетті жекелеген атомдарды ыңғайлап орналастыру. Нанометр дегеніміз бір метрді миллиардқа бөлгендегі ұсақ бөлігі (1 *нанометр* = 10^{-9} метр). Нанотехнология – осындай кішігірім өлшемдермен айналысатын ғылым.

«Нанотехнология» деген сөзді өзіміздің қазақ тілінде түсіндіретін болсақ, «кішкентай өлшемді технология» дегенді білдіреді. Бұл жерде «нано» сөзі «миллиардтың бір бөлшегі» деген мағынаны береді. Қысқасы, кез келген заттың миллиардтан бір бөлшегі бастапқы тегінен ерекшеленеді де, басқа физикалық қасиеттерге ие болады. Міне, осы заңдылық арқылы, яғни, материяның белгілі бір күйден екіншісіне өту кезіндегі өзгерістер арқылы өмірге, бұрын ешкімге белгісіз жаңа технология еніп жатыр. Қазіргі заманауи «сандық» технологиялармен үйлесімді жұмыс істейтін электронды құрылғылар – осы нанотехнологияның жемісі десек, қателесіп отырған жоқпыз. Бұған мысал ретінде байланыс саласындағы талшықты-оптикалық жүйелерді жатқызуға болады. Яғни, ешқандай сым-баусыз ақпараттарды бір нүктеден екінші нүктеге ауа ағынындағы талшықтарды өз еркіміз бойынша басқару арқылы оп-оңай жеткізе аламыз. Менделеев кестесіндегі көптеген химиялық элементтер нанотехнологияның әсерінен өзгерістерге ұшырап, басқа да бір қасиетке ие болып жатқаны осылайша анықталған болатын. Қысқасы, нанотехнология адамзат өміріндегі ең төңкерісті жаңалықтардың бірі болды десек, артық айтқандық емес. Ал оның бүгінгісінен болашағы әлдеқайда «жемісті».

Қазақ жерінде нанотехнологияларды дамыту мақсатымен мемлекет

тарапынан қолдау көрсетіліп жатыр.

2003 жылдан бастап қазақ ғалымдары жоғарыда айтылған ғылым саласында жаңалық ашуға қолдарындағы бар күшті салып келеді. Елімізде нанотехнологиялық зерттеулерді жүргізетін зертханалар бой көтеріп, арнайы ғылыми ұжымдар құрылған болатын. Алайда, еліміз нанотехнология саласында ғылыми терең зерттеулер жүргізуге арналған қымбат құрылғыларға қол жеткізе алмай жүр. Осының салдарынан біздің ғалымдарға зерттеулерді көрші мемлекеттердің ғылыми-технологиялық зертханаларында жүргізуге тура келеді. Елімізде ғылым мен техниканы қатар дамыту – елімізде зияткерлік әлеуметті сақтау мен дамытуға, оған қоса, республикамыздың қаржылай-экономикалық жағдайдың дамуына үлкен ықпал етеді [11].

3-тапсырма. Айтылым. «Елеулі екі ғылыми жаңалық ел бақуатын арттыруға септігін тигізеді» мәтіні негізінде «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы өз ойларыңызды айтыңыздар, өзгенің пікірін бағалаңыздар.

Ойлаудың алты қалпағы

«Ақ қалпақ» киген оқушы қажетті ақпаратты анықтап сөйлейді.

«Сары қалпақ» киген оқушы тақырыптың тиімділігін сендіре айтады.

«Қара қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша кемшіліктерді анықтайды.

«Қызыл қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша болжам жасайды.

«Жасыл қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша креативті, жаңа идеялар айтады.

«Көк қалпақ» киген оқушы тақырыпқа сараптама жасайды.

Елеулі екі ғылыми жаңалық ел бақуатын арттыруға септігін тигізеді

Дамыған шетелдер тыным таппай ізденіп өз техникасын жетілдіру үстінде. Әрине, тәуірін сыртқа шығармайды. Бұлай кете берсе, бірте-бірте біздің ел заманы өткен шетелдік ескі технологияның қоймасына айналмайды деп кім кепілдік береді. Сондықтан, біздің ел өз технологиясын, өз техникасын тынымсыз дамыту жолдарын іздестіру керек.

Біз құралақан емеспіз. Біздің елде әлемде жоқ екі ғылыми жаңалық барын жақсы білемін. Осы жұмыстарға біраз жылдардан бері көңіл бөліп, оны ел қажетіне қалай жеткізудің, халық кәдесіне қалай жаратудың жолдарын іздеудеміз.

Бірінші ғылыми жаңалық – көпөрістілік негізінде «Қазақстан феноменін» қалыптастыру проблемасы, екіншісі – тыңайтқыштар мәселесі.

«Қазақстан феномені» құр қиял емес, нақтылы ғылыми жаңалыққа негізделген, беделді ғылыми орталықтарда ресми мақұлдаулардан өткен керемет идея.

Қазіргі кезеңде жер бетінде қолданып жүрген технологиялар қосөрісті (линейный двухполярный) физикалық-химиялық қағидаларға негізделген, өрісі тар, зияны көп. Ендігі жерде кванттық теориядан кейін дүниеге келген

көпөрістілікке барлық елдердің ғалымдары назар аударуда. Дегенмен, жарты ғасырдай уақыт өтсе де, ауыз толтырып айтардай жетістіктері әлі көрінер емес.

Ал біздің көпөрістілікті жан-жақты зерттеп, дамытып, «Қазақстан феноменіне» негіз болатынын дәлелдеген әлемге әйгілі ірі ғалым Василий Ленский өзіміздің жерлесіміз, Алматы іргесіндегі Талғар қаласында туып-өскен.

Екінші бір маңызды ғылыми жаңалық – фосфор тыңайтқыштары жөнінде болмақ. Жалпы, фосфорлы кеніштердің екі түрі бар. Олар фосфоры мол кеніштер және фосфоры аз микротүйіршікті кеніштер деп екіге бөлінеді. Қазіргі кезде әлемде тек фосфоры мол кеніштерден ғана фосфор тыңайтқыштарын өндіреді. Ал микротүйіршікті кеніштерден тыңайтқыш еш жерде өндірілмейді. Өйткені, оған сай келетін лайықты технология жоқ. Біздің елдегі фосфорлы кеніштердің бәрі микротүйіршіктілер. Бұрынғы кезде аздаған сары фосфор өндіргенде түзілетін улы қалдық көп еді. Соның өзі айналасын түгел уландырып бітті. Тыңайтқышты қазір сырттан әкелудеміз. Ал онсыз ауылшаруашылық өнімдерінің көлемін, гектар берекесін арттыру мүмкін емес.

Осы проблемалармен ұзақ жылдар айналысып, ілкімді шешімін тапқан ірі ғалым, химия ғылымдарының докторы Ажар Ильясова өз технологиясын ұсынады. Ол кісінің жаңа технологиясы арқылы әлгі фосфоры аз микротүйіршікті кеніштен өте сапалы тыңайтқыш өндіріп, оның үстіне бұрын еш жерде өндірілмеген полифосфаттың үш түрін алуға болады екен. Бұл фосфорлы тыңайтқыштарды пайдалансақ, ауыл шаруашылығының өнімділігін күрт көтерер едік [12].

4-тапсырма. Жазылым. Мәтіндерді топтарға бөліп, ғылыми жаңалықтармен танысыңыздар. «Ғылыми жаңалықтар мен технология» тақырыбы бойынша бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен салыстыра отырып, креативті эссе жазыңыздар.

2013 жыл ғылым үшін жаңа ашылулар мен жаңалықтарға толы жыл болды. Назарларыңызға ең маңызды 10 ғылыми жаңалық ұсынамыз.

1. «Вояджер-1» ғарыштық аппараты Күн жүйесінен шығып кетті



4-сурет — «Вояджер-1» ғарыштық аппараты

Күн жүйесінің айналымынан асу – қатардағы жетістіктің бірі емес. Соңғы отыз алты жыл бойында НАСА-ның «Вояджер-1» ғарыштық аппараты (4-сурет) Күннен 17 км/с жылдамдықпен алшақтады. Ғалымдар ерте ме, кеш пе «Вояджер-1» Күн жүйесін қаптап тұрған гелиосфераның шегіне жетіп, оның шектік қашықтығын нақтылап береріне сенімді. Дегенмен осы қашықтықты нақты қай кезде басып өтетіні белгісіз. Бірнеше айдағы бақылаулардан кейін НАСА осы жылдың қыркүйек айында адам баласы құрастырған алғашқы нысан – «Вояджер-1» жұлдызаралық кеңістікке шыққанын арнайы мәлімдеді.


2. ДНҚ-ның қысқа полидромды айналымдары (CRISPR) ашылды



5-сурет – ДНҚ-ның қысқа полидромды айналымдары (CRISPR)

Бактериялар бейімделген иммундық жүйенің өзіндік жеке нұсқаларына ие. Дегенмен CRISPR (5-сурет) жүйе ретінде иммундық жүйенің ақуызды антигендеріне қарсы бағытталмаған. Сондай-ақ, CRISPR ДНҚ-ның ерсі қалдықтарын РНҚ-ның сәйкес келетін арналарының көмегімен жазады. CRISPR жүйесін басқару оңай. Қаңтар айында ғалымдар тұңғыш рет бұл жүйенің тышқан, егеуқұйрық, данио балығы, бактериялар мен адамдардың жасушасындағы арнаулы гендерді жою, қосу, нығайту немесе керісінше азайту сияқты біршама өзгерістер енгізу қабілетіне ие екенін жариялады. Ғалымдар жаңа құрал-жабдықтар жасақтағанның өзінде қолданудың әмбебап және қарапайым түрін маңызды етіп алады. Жоғары мүмкіндікке ие CRISPR-ді ғалымдар молекулалық биологияда қуатты өзгерістерге себепші болатынына сенімділік танытып отыр.

3. Құс Жолы - өмір сүруге жарамды галамишарларға толы



6-сурет – Ғаламшар

Қараша айында астрономдар Күнге ұқсас жұлдыздардың 22%-ның айналасында тұрғындары бар ғаламшарлар өмір сүреді деген тұжырымға келді (6-сурет). Алыстағы ғаламшарлардың көлемі біздің Жермен бірдей. Бұл айғақталған дәлелмен біздің галактикамызда екі миллиардтан аса ғаламшарда тіршілік көзі бар деп есептеуге болады. Мүмкін, ол жақта Жердің егізі бар болар? Әзірге белгісіз, дегенмен «Кеплер» телескопының көмегімен осы ақпаратқа қол жеткіздік, тек талдау ғана қалды. Мүмкін, біз екінші Отанымызды тапқан да болармыз.

4. Мидан миға интерфейс



7-сурет – Екі адамның миындағы өзара байланыс

Зерттеуші ғалымдар ақпан айында екі егеуқұйрықтың миының арасында сәтті байланыс орнатқанын хабарлады. Бір егеуқұйрықтың миынан берілген дабыл екіншісінің күрделі тапсырма орындауына көмектесе алады екен (7-сурет). Бір қызығы, егеуқұйрықтар тәжірибе кезінде бір-бірінен мың километр қашықта болған. Бірнеше айдан кейін тура осындай байланыс адам мен егуқұйрық миларының арасында орнатылды. Ал тағы бір ай өткен соң ғалымдар екі адамның миындағы өзара байланыстың сәтті өткенін жеткізді. Ендеше, саналардың бірігу кезеңі алыс емес сияқты...

5. Жердің арғы бетінде өмір бар



8-сурет – Уилланс көлі

Уилланс көлінде өмір бар екен. Кішкентай ғана өзен миллиондаған жыл бойы Антарктиданың Росс мұзды қабатының астында, жүздеген метр тереңдікте тұмшаланып жатты (8-сурет). Сыртқы өмірден тасада қалғандықтан

ғалымдардың оның тереңдігін өлшеуге еш мүмкіндігі жоқтай көрінетін. Осы жылы Монтана Университетінен мұзтанушы Джон Приск басшылығындағы зерттеу тобы Уилланс көліне туннель тесу мүмкіндігіне қол жеткізді. Осылай Приск пен оның әріптестері Жердің арғы бетіндегі көлден тірі ағза тапқан тарихтағы тұңғыш адамдар болды.

6. Дәрігерлер ВИЧ-пен ауырған нәрестені емдеп алды

Наурыз айында Медицина саласында таңқаларлық жағдай орын алды. Дәрігерлер ВИЧ-инфекциясына шалдыққан нәрестені сауықтырып алды. Дәрігер Дебора Персо бұл туралы жыл сайын өткізілетін ретровирус және оппортунисті инфекция конференциясында баяндама жасады.

7. Жуырда табылған бассүйек адам баласының эволюциялық даму тарихын қысқартпақ

Грузияның Дманиси деген жерінен табылған, 1,8 млн жылдың алдын көрген бассүйек *Ното* тегінің эволюциялық кезеңінің қысқаруына себеп болуы ықтимал. Қазан айында жарияланған баяндамада антрополог Давид Лордкинапидзе басшылығындағы зерттеу тобы тарихта алғаш рет жақсы сақталған гоминидтің бассүйегін тапқаны жайлы айтып өтті. Егер бассүйекті *Ното* (епті адам, тік жүретін адам) түріне жататын басқа бассүйектермен салыстыратын болсақ, еш айырымы жоқ екенін байқаймыз.

8. Неврологтар миды көрінбейтін етіп жасап шықты

Жаңа технология ми қапшығын мүлде көрінбейтін ету мүмкіндігін береді. Бұл нейроанатомия саласында соңғы онжылдықтың ең маңызды жетістігі болып саналды.

9. Марсоход «Curiosity» аппараты бұрын Марста тіршілік болғанын айғақтады




9-сурет – Марсоход «Curiosity» аппараты

Наурыз айында НАСА ғалымдары Қызыл ғаламшарда өмір болғанын нақты дәлелдейтін дәйектемелі ақпарат таратты. Жыл басындағы марсоходтың Гейл кратеріндегі зерттеуі нәтижесінде сол аймақта бұрын өзен болғанын дәлелдейтін факторлар табылды. Марсоходтың жабдықталған компьютерлерінің көмегімен (9-сурет) НАСА ғалымдары алынған нұсқаларға

талдау жүргізді. Ақыр аяғында тіршілік белгісі бар күкірт, азот, сутегі, оттегі, фосфор секілді элементтердің қалдықтары көрініс тапты. Бүгінде, марсоход өзінің негізгі ғылыми бағыты Гейл кратерінің орталығында орналасқан бес километр биіктегі Эолида тауына бағыт алуда. Марсоход ол жақта тіршіліктің болғанын дәлелдейтін басқа да айғақтарды қарастырмақшы.

10. Ғалымдар өзге галактикадан нейтрино тапты



10-сурет – Нейтрино

Оңтүстік полюстегі «Мұзды куб» обсерваториясының физиктері осы жылы антарктикалық мұздықта 2,5 км тереңдікке жетіп, қатаң материядан үзбей өте алатын 28 нейтрино (субатомды бөлшек) тапты (10-сурет). Бұл бөлшектер біздің Күн жүйесінен, тіпті галактикамыздан тыста пайда болуы ықтимал. Мүмкін, бұл еңбегі үшін ғалымдар Нобель сыйлығын алып қалар [13].

5-бөлім Мейрам және салт-дәстүрлер

1-тапсырма. Тыңдалым. «Наурыз мейрамы» тақырыбындағы мәтінді тыңдап, «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жұмыс жүргізіңіздер.

Төрт сөйлем

1. *Пікір.* Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңізді бір сөйлеммен жазыңыздар.

2. *Дәлел.* Өз пікірлеріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіздер.

3. *Мысал.* Пікірлеріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіздер.

4. *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыздар.

Наурыз мейрамы

Наурыз мейрамы — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша (наурыздың 22) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Көне парсы тілінде нава=жаңа + рэзаһ=күн, «жаңа күн» мағынасында, қазіргі парсы тілінде де сол мағынамен қалған (но=жаңа + роуз=күн; мағынасы «жаңа күн»), яғни «жаңа жылды» (күн өсуін белгілеуі) білдіреді.

Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алудан — тазаланған арықтарға су

жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын. Қызықшылық онан әрмен халық ойындарымен («Айқыш-ұйқыш», «Ақ серек пен көк серек», «Алқа қотан», т.б.), ән салып, би билеумен, ақындар айтысымен, «Қызғалдақ» мерекесімен, қазақша күреспен, ат жарысымен жалғасып кете беретін де, түнге қарай «Алтыбақан» айналасындағы тамашамен аяқталатын. Наурыздан кейінгі 2-ші күні жұрт жаппай көктемгі егіске кірісетін. Малшы қауым да төл алуға қатысты іс-қарекетімен айналысатын [14].

2-тапсырма. Оқылым. «22 қыркүйек – Тілдер мерекесі» тақырыбындағы оқылған материал бойынша мәтіннің негізгі ойын анықтап, қорытынды жасауға үйреніңіздер. «Пирамидалық талқылау» стратегиясын қолданыңыздар.

«Пирамидалық талқылау» стратегиясы

Топ мүшелері өз пікірін жеке жазып, ортада талқылап, ортақ пікір қалыптастырады. Топ мүшелерінің саны 4 оқушыдан болуы керек. Әр топ таратылған флипчарт қағазға тапсырмаға байланысты жеке өз ойларын жазады. Қағазды бұру арқылы бір-бірінің жауабымен танысады. Жауаптарымен танысып ортақ пікірді қағаз ортасына жазып, ойларын қорғайды.

22 қыркүйек – Тілдер мерекесі

Менің есімім – Алуа. Мен Қазақстан деген ұлан-байтақ және көпұлтты мемлекетте тұрамын. Менің ұлтым – қазақ. Қазақстан – қазақ халқының және осында тұратын басқа да халықтардың Отаны. Бұл жерде қазақ, өзбек, орыс, неміс, ұйғыр, кәріс, татар, украин, шешен, т.б. көптеген ұлт өкілдері тұрады.

22 қыркүйек – Қазақстан халықтарының Тілдері күні болып жарияланды. Тілдер мерекесі біздің мектепте де ерекше аталады. Бұл тек қана бір күн емес, апта бойы өтеді. Әрбір сынып қабырға газеттерін шығарып, концерттер дайындап, коллаждар, көрмелер ұйымдастырады. Қазақ, орыс, неміс және ағылшын тілдерінде мәнерлеп оқу сайысы өтеді. Жоғары сынып оқушылары арасында ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылады [15].

3-тапсырма. Айтылым. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» тақырыбындағы бейнебаянды көріп, (http://go.mail.ru/search_video) «Үш қадамды сұхбат» стратегиясы арқылы талқылаңыздар.

«Үш қадамды сұхбат» стратегиясы

Топтарға бөлініп, тақырыпқа байланысты көрген бейнебаян бойынша 3 түрлі сұрақ, пікір айтып талқылаңыздар. Негізгі ақпаратты анықтап, сол салт-дәстүрді бүгінгі өмірмен байланыстырыңыздар. Таныс емес сөздерді жазып алыңыздар. Жаңа сөздермен жеке немесе жұптасып жұмыс істеңіздер. Меңгерген сөздерді орынды пайдаланыңыздар, кесте бойынша «Сөздік» жұмысын жүргізіңіздер (4-кесте).

4-кесте – Сөздік кестесі

Сөз	Біздің анықтама	Сөздіктегі анықтама	Сөйлем

4-тапсырма. Жазылым. Тақырып бойынша берілген материал мазмұнына сәйкес төмендегі кестені пайдаланып, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің түрлерін ажыратыңыздар. Кестені толтырып (5-кесте), өз ойларыңызды дәлелдеңіздер.

5-кесте – Сөйлем түрлері

Сөйлем	Жай сөйлем	Құрмалас сөйлем	Сөйлем мүшелері

6-бөлім Адам еңбегі және жасампаздық қабілеті

1-тапсырма. Тыңдалым. «Адам еңбегі» тақырыбында мәтінді тыңдап, өздеріңіздің мүмкіндіктеріңіз туралы өз ойларыңызды жүйелі жеткізіп, пікір айтып, бағалаңыздар. «ПОПС» формуласын пайдаланыңыздар.

«ПОПС» формуласы

- *Бірінші сөйлем* «Менің ойымша, ... »
- *Екінші сөйлем* «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »
- *Үшінші сөйлем* «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »
- *Соңғы сөйлем* «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ... »

Адам еңбегі

Еңбек адамның табиғи жетістігі болып табылады. «Маймылды адам еткен еңбек» деген пікірлер де бекер емес. Сонымен қатар, еңбек адамның өмір сүруінің маңызды жағдайы болып табылады, себебі: ол адамның өмір сүруінің материалдық және рухани қажеттіліктерін, басқаша айтқанда, тамақтануға, баспана иеленуге, киінуге, адамдармен араласуға, білімге, қағазға, өнерге және тағы басқа өмірсүру қажеттіліктерін қанағаттандырады. Кең мағынада еңбек тек адамның ғана емес, сонымен қатар да табиғи қажеттігі болып табылады, себебі, қоғамның материалдық негіздерін қалыптастырады. Өзінің саналы тіпті санасыз ғұмырында да адам әйтеуір бір нәрсені жасап, дайындап, шығарып, өндіріп жатады. Басқаша айтар болсақ, адам 5-6 жасынан бастап еңбек ете бастайды: ата-анасының өтініші бойынша бір нәрсені әкеліп береді, апарды,

жылжытады және т.б. Адамның қолынан жасалған заттардың барлығы – инеден бастап ұлы жаңалықтарға дейін еңбектің нәтижесінде дүниеге келген. Сонымен кез-келген адамның өмірі еңбексіз мүмкін емес, еңбек барлығын жасайды, адамның материалдық және рухани қажеттіліктерін қамтамасыз етеді, ал бұлар, өз кезегінде, қоғамның материалдық негіздерін құрайды.

Еңбек – бұл еңбек өнімін алу үшін адамның дене, ақыл-ой, рухани қабілетерін жұмсау арқылы жүзеге асатын мақсатты қызмет. Еңбек дене, ақыл-ой және рухани қабілеттерден туындайды да, бұлардың нәтижесінде материалдық рухани және санаткерлік құндылықтар жасалады.

Еңбек жеке шаруашылықта, бау-бақшада, тіпті үйде және өзге де жерлерде жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай еңбекпен адамдардың басым көпшілігі бала кезінен айналысады. Алайда, еңбектің бұл түрі еңбек құқығымен реттелмейді.

Көп жағдайда еңбек бірлескен немесе ұжымдық сипатты иеленеді. Бірлескен еңбектің нәтижесінде адамдар қоғамдық еңбек қатынастарына қатысады. Мұндай жағдайда еңбектің екі түрін ажыратып алған жөн: өз игілігіне бағытталған жеке еңбек және жалданбалы еңбек. Дәл осы жалданбалы еңбек – жұмыс берушімен қатынасқа түсуді еңбек құқығы реттейді.

Сонымен қатар, меншік иелері мен меншік иесі емес тұлғалардың ұжымдық еңбегін көздейтін еңбектің үшінші түрі – аралас нысандағы еңбек те болады. Ескеріп өтетін бір жайт, еңбек құқығы тек жалданбалы еңбекке негізделетін еңбек қатынастарын ғана реттейді. Дербес еңбекке негізделген еңбек қатынастары (меншік иелерінің еңбегі) еңбек құқығының пәніне кірмейді. Мұндай қатынастарға жалданбалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайтын жеке еңбек қызметі және т.б. қызмет жатады [16].

2-тапсырма. Оқылым. Мәтінді оқып, материал бойынша кесте толтырыңыздар (6-кесте). Кейіпкердің іс-әрекетін анықтаңыздар. Шағын топтарға бөлініп, біздің қазіргі өмірімізді өзгерткен оқиғалар / өзгеріс сәттері / туралы талқылаңыздар.

6-кесте – Мәліметтер

Оқиға	Кейіпкердің іс-әрекеті

**«Ғарышқа ынтық адам, әрқашан жасампаздық жолында еңбек етеді» -
Халық Қаһарманы Талғат Мұсабаев**

Ол ғарыштан қарап тұрып, өзінің қорғансыздығымен және сәулеге оранған көрінісімен тәнті еткен Жердің сұлулығына таң қалыпты. Орбиталық стансының люгін ашып, төменге көз салған кезде, қуанышын жасыра алмай «О, менің Қазақстаным!» деп айқайлап жіберген. Сәті түскені ме, әлде тылсым бір

күштің құдіреті ме, әйтеуір дәл сол кезде «Мир» стансысы оның туған елінің үстінен ұшып бара жатқан.

Дегенмен, ғарышта бүкіл Жер шары – туған жер. Бірақ, дәл сол бір сәтте, тұтас ғаламшардың ішінен Қазақстанның асқар тауларын, көгілдер көлдері мен шексіз сайын даласын көре алған ол, көзіне қалай жас келгенін байқамай қалады.

Бірақ ол өзін жолы болмайтындардың қатарына жатқызады: қандай бір мақсатқа қол жеткізер шақта оған әрдайым бір нәрсе кедергі болып жатады. Ал шын мәнінде ол бақытты жан, себебі ол нені қалайтынын және оған қалай қол жеткізуге болатынын біледі, ал кездесетін қиыншылықтар оны тек қайрай түседі. Ол өмірінің басты арманына қол жеткізе алған адам – 33 жасында жай ғана ұшқыш емес, жоғары пилотаждан КСРО чемпионы болған, 44 жасында – ғарышкер атанған азамат. Ал бүгінде ғарышта жинаған бар білімі мен тәжірибесін туған жерінде, Қазақстанда жүзеге асыруға қол жеткізіп отыр. Ол – Талғат Мұсабаев.

Екі елдің – Ресей мен Қазақстанның ұшқыш-ғарышкері Талғат Мұсабаев ғарыштағы ерен еңбегі үшін, үш ғарыш сапарында көрсеткен ерлігі мен қайсарлығы үшін Ресей Батыры және Қазақстанның Халық Қаһарманы атағына ие болып отыр. Ол сондай-ақ, Қазақстан Республикасы авиациясының генерал-лейтенанты және Ресейдің техника ғылымдарының докторы.

Ол Ресейдің ғарышкерлер қалашығындағы қызметін аяқтаған соң Қазақстанға оралды және екі ел президенттерінің тапсырмасы бойынша «Байқоңыр» ғарыш айлағында жаңа экологиялық қауіпсіз ғарыштық зымыран кешенін құру жөніндегі «Бәйтерек» қазақстан-ресей кәсіпорынының жұмысын басқарды. 2007 жылдың сәуір айынан бері Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігін басқарып отыр.

«Бүгінгі жылдар белесінен кейінге көз салып ойланып отырсам, ғарышкер болу туралы мен көк аспанға қарап айтыппын. 1961 жылы сәуірдің 12-сі болатын, мен 10 жаста едім. Алматыдағы № 58 мектептің оқушыларын аяқ асты линейкаға жинап, тамаша жаңалық айтты: ғарышқа алғашқы адам – Юрий Алексеевич Гагарин ұшты! Сонда не болғанын көрсеңіз, қуана секіріп «Ура!», «Мен – ғарышкермін!» деп айқайлаған балаларға мұғалімдер ие бола алмай қалып еді. Мен де көк аспанға қарап, «Ғарышта – Талғат Мұсабаев!» деп айқайладым. Достарымның естіген-естімегенін білмеймін, бірақ ғарышкер болу туралы арман жүрегіме дәл сол сәтте ұялап еді. Мен ұшқыш болатынымды анық білетінмін, себебі ата-анам мені ұшқыш Талғат Бигелдиновтың құрметіне атаған ғой. Міне сөйтіп, ата-анам: әкем – Амангелді, журналист, анам - Салиха, дәрігер, соғыс ардагері, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов және Юрий Гагарин менің тағдырымда және ғарышкер ретіндегі мансабымда басты роль ойнады», – дейді ғарышкер.

Одан кейін тағдыр Талғатты оның ғарышкер атану арманын үкілеген көптеген ұлы тұлғалармен кездестірді. Ол, 1986 жылдың мамыр айында жас ұшқышты тыңдап, ғарышкерлердің кеңестік отрядына қосу туралы оның өтінішін тыңдап, мақұлдаған Дінмұхамед Ахмедұлы Қонаев. Бірақ ол кезде Талғаттың арманы орындалмай қалады, себебі 1986 жылдың желтоқсан

оқиғасы болады. Сол саяси оқиғалардың салқыны тиіп, ғарыштық жоспарының орнына Мұсабаевтың шені төмендетіледі және ол Ту-134 әуелайнерінің штурвалын АН-2 «кукурузнигіне» ауыстыруға мәжбүр болады.

«Менің өмірімде, ғарышкер атану мансабымда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ерекше орын алады. Сол кісінің қолдауының арқасында, ең бастысы, сол кісінің Қазақстанды ғарыш державасына айналдыруға деген талпынысының арқасында, мен бортинженер және халықаралық экипаждың командирі ретінде үш рет ғарышқа барып қайттым. Менің ғарыштық тағдырыма деген назары үшін Елбасына әрқашан ризамын. Әлемде өз елінің ұлттық ғарышкерін сапарынан күтіп алған (үш сапарымда да) басқа Президент жоқ шығар», - дейді Т. Мұсабаев [17].

3-тапсырма. Айтылым. «Сұрақ қоя білу» тәсілі арқылы мұғалімнің төмендегідей сұрақ түрлеріне ауызша жауап беріңіздер.

Негізгі сұрақ

«Адамды адам еткен - еңбек» деген ұғымды қалай түсінесіз?

Жанама сұрақ

Құрастырған сұрақтарыңызды басқа топтарға айтып, талқылаңыздар.

Анықтауыш сұрақтар

Алдыңғы сұрақтардың жауаптарын жазып, одан тағы да сұрақ туындатыңыздар.

Жауаптағы детальдар негізгі сұраққа жауап бере ала ма?

Сұрақтар мен жауаптар шынайы ма? Әлде шындыққа жанаспай ма?

4-тапсырма. Жазылым. «Адам еңбегі және жасампаздық қабілеті» тақырыбында кластер толтырыңыздар. Сол кластерге қарай отырып үкіметтің көмегі керек қиындықтарды тандап алыңыздар. Шешу жолдарын топ болып іздеңіздер. Аталған қиындықтардан үкіметпен бірлесе отырып, шығу жолдары ұсынылған үндеу хат жазыңыздар (7-кесте).

7-кесте – Хат құрылымы

Өзіндік пікір
Дәлел
Өз пікірін айғақтайтын мысал
Өз пікіріне қарсы дәлел
Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал
Қорытынды

7-бөлім Сауда және сауда түсімі: екі жақты келісімді сауда

1-тапсырма. Тыңдалым. «Сауда» тақырыбындағы мәтінді тыңдап, «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жұмыс жүргізіңіздер.

«Төрт сөйлем» тәсілі

1. *Пікір.* Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңізді бір сөйлеммен жазыңыздар.
2. *Дәлел.* Өз пікірлеріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіздер.
3. *Мысал.* Пікірлеріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіздер.
4. *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыздар.

Сауда

Сауда: 1. Материалдық және рухани игіліктерді иеліктен шығару және иемдену түріндегі сатып алу, сату әрекеті барысында меншіктенушінің ауысуы нысаны;

2. Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, зияткерлік меншік нәтижелерінің айналымын, сатылуын ұйымдастыру жөніндегі шаруашылық қызмет аясы, яғни жеке адамның пайда алу мақсатымен тауарларды айналысқа түсіру, оларды сатып алу және сату жөніндегі шаруашылық қызметі; сатып алу, сату арқылы тауарларды өткізетін ұлттық шаруашылық саласы [18].

Сауда түрлері

Ішкі сауда, сыртқы сауда, аукциондық сауда, баспа-бас айырбас сауда, биржалық сауда, комиссиялық сауда, консигнациялық сауда, өтемақылы сауда, лицензиялық сауда (технологияларды пайдалану құқығын, ноу-хауды, патенттерді, өнертабыс лицензияларын мерзімге және сыйақыға беру), көтерме сауда (заңи тұлғаларға не заңи тұлға құрмаған жеке тұлғаларға кәсіби қызметте пайдалану үшін кез келген тауарды түрін өзгертпестен қайта сату және сату), бөлшек сауда (халыққа жеке бастың тұтынуы немесе үй қожалығында пайдалану үшін сату), халықаралық сауда, «көзге көрінбейтін» сауда (көрсетілетін қызметтердің көлік, сақтандыру, қаржы, компьютерлік, ақпараттық, лизингтік, құрылыс, тағы басқа қызметтердің экспорты мен импорты), тағы басқа түрлерге бөлінеді [19].

2-тапсырма. Оқылым. Мәтінді оқып, сауда туралы өз ойларыңызды жүйелі жеткізіп, пікір айтып, бағалаңыздар. «ПОПС» формуласын пайдаланыңыздар.

«ПОПС» формуласы

1. *Бірінші сөйлем* «Менің ойымша, ... »
2. *Екінші сөйлем* «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »
3. *Үшінші сөйлем* «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »
4. *Соңғы сөйлем* «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ... »

Сауда


Бөлшек сауда – түпкі тұтынушының жеке қолдануы үшін тауарды сату мен

қызмет көрсету жөніндегі іс-әрекет. Бөлшек сауда өнімді немесе тауарды тұтынушыға жеткізу жолымен аяқталады. Ол үшін арнайы сауда орындары болуы қажет. Сондай-ақ тауарларды соңғы кездері сауда орындары мен қатар пошта, телефон сияқты түрлі ақпарат құралдары арқылы өткізуге болады. Жалпы сауда өте ертеден дамыған. Алдында орта Азия арқылы Қытайды алдыңғы Азиямен байланыстырды. Ұлы Жібек жолы Сианынан Ланчжоу арқылы Дунхуанға апарды, осы жерден жол екіге бөлінді:

1-ші солтүстік жол Қашқар Самарқанд, Ферғанаға барса екінші жол яғни оңтүстік жол Хотан, Жаркент Памир тауы арқылы Үндістанға соңынан Сырдарияны жағалай аса ірі қалалар Отырар-Фарабқа-Шауғар қалаларымен жалғастырған.

«Фараб» сөзін аударғанда – «арғы беттегі қала» деген ұғымды білдіреді. Отырар қаласы көптеген керуен жолдары тоғысқан түйін еді. Сырдарияны жоғары бойлап Сүткент арқылы Хорезм мен Үргенішке, Еділ жағалауы арқылы Кавказға кетеді. Ұзақ уақыт бойы Отырар Ұлы Жібек жолы бойында ерекше роль атқарған қалалардың бірі болып келді. Осы мақсатты қайтадан жандандыру үшін Отырар төбе мен Арыстанбаб кесенесінің аралығынан «Туризм» орталығы құрылмақ. Бұл айтылғандардың барлығы Ұлы Жібек Жолы арқылы жүргізілген сауда жолдары. Содан бері келе 1920 жылдары Бөлшек сауда тарихы басталды.

Экономикалық сауданың екі түрі бар



Бұл сауда орындары жалпы дүкендер, арнайы дүкендер, супермаркеттер және күнделікті сұраныс дүкендері т.б.

Соңғы жылдары бөлшек сауданың түрлері өнімді телефон, теледидар, интернет арқылы сату пайда болды. Мұндай сату жолдарын «бөлшек сауда дөңгелегі» деп атайды.

Сонымен, бөлшек сауданың бірнеше типтері бар, олар:

1. Тауарлық ассортименті бойынша:

- а) супермаркеттер;
- ә) суперстарлар;
- б) гипермаркеттер;
- в) арнаулы дүкендер;
- г) универмагтар;
- д) ыңғайлы дүкендер.

2. Дисконтты дүкендер:

- а) қойма клубтары;
- б) қойма – дүкен.

3. Қызмет көрсету түрі бойынша:

- а) пошта арқылы сату;

- ә) жарнамалар арқылы;
 - б) тапсырыстар қызметі бойынша;
 - в) шығарып сату саудасы.
4. Жеке меншікке байланысты бөлшек сауда:
- а) пропорциялық жүйе;
 - ә) ерікті жүйе.

Дүкеннен тыс бөлшек сауда

Дүкеннен тыс бөлшек саудаға – тікелей маркетинг жатады. Тікелей маркетинг – қазіргі кездегі жаңа технология мен ақпарат құралдары арқылы тауарларды сату. Сатудың бұл әдісінде сатушы маңызды рөл атқармайды. Тікелей маркетинг мынадай түрлерге бөлінеді:

а) пошта немесе телефон арқылы жүргізілетін бөлшектік сауда – бұл тұтынушылардың арнайы тізімі арқылы тапсырыс алу, Қазақстанда жаңа технологиялық телекоммуникациялық әлемдік ірі компьютер жүйесі «Интернет» *X25 Frame Relay*, сандық телефон желілерін, электрондық поштаны енгізуге байланысты бөлшектік сауда.

ә) каталог бойынша тапсырыс алу саудасы – сатушылар әдетте каталог бойынша арзанырақ бағамен алуға мүмкіндік жасайды [19].

3-тапсырма. Айтылым. «Екі жақты сауда қатынастары» мәтіні негізінде «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы өз ойларыңызды айтыңыздар, өзгенің пікірін бағалаңыздар.

Ойлаудың алты қалпағы

«Ақ қалпақ» киген оқушы қажетті ақпаратты анықтап сөйлейді.

«Сары қалпақ» киген оқушы тақырыптың тиімділігін сендіре айтады.

«Қара қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша кемшіліктерді анықтайды.

«Қызыл қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша болжам жасайды.

«Жасыл қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша креативті, жаңа идеялар айтады.

«Көк қалпақ» киген оқушы тақырыпқа сараптама жасайды.


Екі жақты сауда қатынастары

Қазақстанның басқа елдермен және өңірлермен тауар айналымы өсуде сияқты, ЕО мен Қазақстан арасындағы сауда қатынастары динамикалы дамуда.

2008 жылы Қазақстан Еуропалық Одақтың сауда әріптестерінің тізімінде 29 позицияда болды және Еуроодақ импорты нарығының тізімінде – 19 болып тұрды. Өз кезегінде Еуропалық Одақ Қазақстанға 44,6% экспорт және 24,6% импорт (2007 ж.) жалпы көлемімен Қазақстан үшін бірінші нөмердегі сауда әріптесі болып табылады.

ЕО мен Қазақстанның сауда айналымы 2007 жылғы 19,4 млрд. евро көрсеткішімен салыстырғанда 2008 ж. 23 млрд. евро құрады (8-кесте).

8-кесте – Еуропалық Одақ, Қазақстанмен сауда қатынастары (млн. евро)



ЕО импорты негізінен энергетика секторының өнімімен табысталған (2008 ж. 86% астам). Экспорттың негізгі өнімі негізінен еуропалық мұнай және газ компанияларына арналған өнеркәсіп жабдығы мен көлік болып табылады (2008-де 57,4%).

Қазақстан әлі ДСО мүшесі болмағандықтан, ЕО мен Қазақстан арасындағы кейбір негізгі тауарлармен сауда екі жақты немесе жеке келісімдермен реттеледі. 2006 жылдың аяғында, ЕО мен Қазақстан арасындағы болат туралы келісімнің қолданылу мерзімі аяқталуына қарай, болатпен сауда жекелеген рәсімдермен реттеледі, олар жаңа келісім жасасқан жағдайда күшін жояды. 2004 жылдың соңында тоқыма саудасы туралы шарттың мерзімі аяқталған жағдайда Қазақстан мен ЕО Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге тоқыма саудасының жағдайларын 2006 жылдың аяғына дейін ұзартатын қосымша Хаттама жасасты, күшіне ену үшін оған қол қойылу қажет [20].

4-тапсырма. Жазылым. Саудаға байланысты мақал-мәтелдермен танысыңыздар. Жұпта бір-біріңізбен талқылаңыздар. Кестені толтырыңыздар (9-кесте).

9-кесте – Мақал-мәтелдердің мағынасы

Мақал- мәтелдер	Түсіндірме (комментарий)

1. Жақсымен сауда қылсаң, керіс болмас, жаманмен сауда қылсаң, тегіс болмас.
2. Сау басын саудаға салды.
3. Сауда сақал сипағанша.
4. Саудаға достық жүрмейді.

5. Сауда түбі – борыш, шаруа түбі – кеніш.
6. Үйдегі есепті.
Базардағы нарық бұзар.
7. Сөзіңе қарап саудагер екеніңді білдім.
8. Теңге тиыннан өсер.
Жылқы құлыннан өсер.
9. Есепсіз дүние жоқ.
10. Ақша кетуге тырысады.
Есеп ұстауға тырысады.
11. Есептемегенге бәрі түгел.
12. Сауып ішсең мың күндік.
Сойып жесең бір күндік.
13. Үзіп жеген үнемге жатпайды.
14. Қасықтап жинағанды шөміштеп төкпе.
15. Базары жақын байымас.

8-бөлім Адам өмірін сақтау (Денсаулық үшін жасалатын таңдаулар)

1-тапсырма. Тыңдалым. «Мен - донормын, шипа болар қаным бар...» тақырыбындағы мәтінді тыңдап, «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жұмыс жүргізіңіз.

«Төрт сөйлем» тәсілі

1. *Пікір.* Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.
2. *Дәлел.* Өз пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.
3. *Мысал.* Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.
4. *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыз.

Мен – донормын, шипа болар қаным бар ...

Оралдық жастар жаппай қан тапсырып жатыр. Студенттер, спортшылар, қоғамдық ұйымдардың мүшелерінен құралған 10 мыңға жуық ерікті 10 күн бойы қан тапсырып, өңірдегі қан тапшылығын жоюды көздеп отыр.

Дегенмен, донор қанына қажеттілік Батыс Қазақстан облысында бір реттік шарамен шешілмейді. Өйткені, аяқастынан болар апат немесе күрделі операция кезінде, әсіресе, босанған ананың өмірін сақтап қалу үшін қан ауадай қажет. Әрі қан аздық, қан құю нашар сырқаттарымен ауыратындар, химиотерапия қабылдайтын науқастар да қанға зәру. Бүгінде қан құю орталығында 15 мың литр қан қоры жасақталған. Дегенмен, оны ұдайы толықтырып тұру тиіс. Өйткені, адам қанын алмастырар дәрі әлі табылған жоқ [21].

2-тапсырма. Оқылым. Мәтінді рөлге бөліп оқып шығып, мазмұндап беріңіздер.

Бірінші байлық (Ертегі)

Ертеде тамақ таба алмай ашыққан, суық үйде жатып күнелткен бір кедей болыпты. Өзінің кедейлігіне күйінген ол бар дауысымен жылап отырады. Оның аянышты, ащы дауысын естіп, көпті көрген көреген қарт қасына келіп:

- Неге жылап отырсың? – деп сұрайды. Кедей өзінің жылауының себебін айтады. Сонда қарт:

- Адамдар өздеріндегі байлықты аңдамайды, мәселен, сенде еш байлықпен теңдесі жоқ байлық бар, – дейді. Қарттың сөзіне таңданған жігіт:

- Менде қайдағы байлық, байлығым болса осылай отырар ма едім? – деп қартқа қарсы тіл қатады.

- Сенің екі көзің бар, біреуін маған сат. Қартайғандықтан жанарымның оты азайып барады.

- Жоқ, көзімді ешқандай ақшаға да, байлыққа да сата алмаймын.

- Ендеше, екі қолыңның біреуін сатшы, – дейді қарт. Есі шығып, дегбірі қашқан кедей:

- Жо, жоқ мен қолымды да сата алмаймын, – деп айқайлап жібереді.

Сонда қарт орнынан тұрып:

Бағанағы кедейлікке айғайлағаның қазіргі денсаулығың үшін айғайлағаныңа жеткен жоқ. Демек, бағана байлықтың не екенін ұқпай отырғансың. «Дүниедегі бірінші байлық – денсаулық, осыны ұмытпағайсың» деген бір ауыз даналық сөзін айтады да, көзден ғайып болады [15].

3-тапсырма. Айтылым. «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы «Донор болудың пайдасы бар ма?» деген сұраққа жауап беріңіздер.

«Төрт сөйлем» тәсілі

1. *Пікір.* Тақырып бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен айтады.
2. *Дәлел.* Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді.
3. *Мысал.* Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді.
4. *Қорытынды.* Нақты және айқын тезистер, нақты ұсыныстар келтіреді.

Мен – донормын

Бәріңе!

Бәріңе!

Бәріңе!

Жасыңа да кәріңе!

Кімге қан керек?

Ішуге емес, дәріге...

Мен – донормын.

Шипа болар қаным бар.

Қабылданғандар, алыңдар.

Менің жылы қанымның

Қасиетін таныңдар.

Жоқ!
Ақшаға сатпаймын!
Аурулар алдында,
Борышымды ақтаймын.
Өмір беріп өзгеге,
Өмірімді сақтаймын!

Мен – донормын.
Таза қан.
Сақ боласыз жазадан,
Сақ боласыз мазадан,
Қабылдаңыз?!
Көп берем де, аз алам,
Сіздегі сансыз түтікпен
Менің қаным өтеді,
Маған сол да жетеді!

Сіздегі жылы жүректе
Менің қаным соғады.
Маған сол да болады!
Сіздің мидың, біздің қан
Болып жатса қорегі,
Басқаның не керегі?!

Бәріңе!
Бәріңе!
Бәріңе!
Жасыңа да, кәріңе!
Кімге қан керек?
Кімге қан керек?
Кімге қан керек?
Ішуге емес!
Дәріге!.. [22]

Мұқағали Мақатаев

4-тапсырма. Жазылым. Тақырып бойынша берілген материал мазмұнына сәйкес төмендегі кестені пайдаланып, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің түрлерін ажыратып жазыңыздар. Кестені толтырып (10-кесте), өз ойларыңызды дәлелденіңіздер.

10-кесте – Сөйлем түрлері

Сөйлем	Жай сөйлем	Құрмалас сөйлем	Сөйлем мүшелері

Өз денсаулығыңды қалай сақтау керек

Денсаулық дегеніміз – адам өміріндегі ең үлкен байлықтың бірі, денсаулықтың арқасында адам еңбек етіп, жетістікке жетеді және бақытты өмір сүреді. Бірақ дені сау адам бұл жағдайға аса көңіл бөлмейді. Денсаулықтың қадірі мен оның маңызын адам тек ауырғанда барып түсінеді.

Денсаулық – адамның өмірге қанағаттанып, өз ағзасының жағдайының жақсы екенін сезінуі. Бірақ та мұндай жағдай өзінен-өзі келмейді. Адам ауырмай, оның денсаулығы жақсы болу үшін, ең негізгі жағдай – ол жұмыста, спортпен шұғылданғанда немесе күнделікті тіршілігінде, өзінің жүріс-тұрысы мен іс-қимылында белгілі бір тәртіпке бағынуы керек. Әуелі адам денсаулығына зиянды немесе денсаулықты сақтау үшін ең қажетті және пайдалы нәрселерді анықтап алады [23].

9-бөлім Жастар мәдениеті. Қоғам және интернет. Қазіргі қоғам

1-тапсырма. Тыңдалым. «Қазіргі жастар мәдениеті ме?» тақырыбындағы мәтінді тыңдаңыздар. Мәтіннің негізгі ойын түсініп, өз көзқарастарыңызды айтыңыздар, салыстырыңыздар. Мәтіннің мазмұны бойынша топ болып жұмыс жүргізіңіздер.

Топ рөлдері:

1. Талқы себепшісі;
2. Белгілеуші;
3. Байланыстырушы;
4. Қорытындылаушы;
5. Суреттеуші.

Талқы себепшісі. Бұл топ 3 немесе 4 сұрақ құрастырады. Әңгіменің түрлі бөліктері мен басты тақырыбын қамтығандығына көз жеткізеді. Сұрақтар жай ғана «иә» немесе «жоқ» деген жауапты талап етпейтін, талқыға және сараптамаға себеп болатын ашық сұрақ болуы тиіс. Соңынан сыныппен бөлісе алатындай өз тобының жауаптарын жазады.

Белгілеуші. Мәтіннен әңгіменің жалпы тақырыбы мен маңызына қатысты 3 немесе 4 маңызды бөліктерін белгілеп, іріктеп алады. Олар қызықты, күлкілі, ой тудыарлық немесе тіпті жақсы жазылуы мүмкін. Бөліктерді өз тобына дауыстап оқиды және олардың маңыздылығын талқылайды. Кейбір маңызды тіркестерін жазып алады, сыныппен бөлісуге бір немесе екеуін таңдап алады.

Байланыстырушы. Мәтін мен шынайы өмір арасындағы 2 немесе 3 байланысты табады. Бұл оқиғаға өздерінің жеке өмірінен, мектепте болып жатқан іс-шаралардан, басқа жерлер мен уақытта болып жатқандардан, басқа адамдар өмірінен, күнделікті жаңалық тақырыптарынан немесе тіпті теледидар бағдарламаларынан алынған оқиғалардан мысал келтіреді. Оларды алдымен тобымен талқылайды.

Қорытындылаушы. Мәтіннің мазмұнын қорытындылайды (басы, ортасы және соңы), маңызды бөліктерін атап өтеді. Аталған бөліктерін оқығанда басты

тақырыпты білдіреді, сондықтан оларды қорытындыдан бөлек жазып қою қажет.

Суреттеуші. Мәтінге қатысты нақты немесе абстрактілі сурет салады. Сурет салу қабілеті бұл жерде басты емес, оның орнына мәтіннің басты оқиғасын немесе кейіпкерін суреттегендері маңыздырақ. Мұнда таяқшаларды, мультфильм бейнелерін немесе тіпті диаграмма немесе сызбанұсқа қолдануға болады.

Қазіргі жастар мәдениетті ме?

Қазақ халқы ежелден ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударып, перзентін бесіктен бастап адамгершілік пен имандылыққа баулыған. Сондықтан кешегі ұрпақ қандай қиыншылықты бастан өткерсе де, ана сүтімен, әке өнегесімен бойларына сіңген тәрбие-тәлімін жоғалтқан емес. Ал бүгінгі жастардың мәдениеті қаншалықты жоғары деңгейде екенін зерделеп көрейік.

Қаламызда жастардың көбеюі, әрине, көңілге қуаныш ұялатады. Кемел келешегіміз саналатын ұрпақтың өсіп-өркендеуі – қоғам үшін де маңызы зор құндылықтың бірі. Алайда «біздің болашағымыз» деп мақтана жүретін жастарымыздың мінез-құлқы мен тәрбиесі олардың киген киімі мен ұстанған үлгісіне сәйкеспей жататыны – ащы да болса, шындық. Негізгі нысанаға, алдымен ЖОО мен арнаулы орта оқу орындарында және кәсіптік мектептерде білім алып жатқан студент жастарды алатын болсақ, олардың қатарында ауылдан шыққан қаракөздермен бірге қаланың «гламурный» ұл-қыздары да бар. Ауылдан келген ұяң баланың көрген өнегесі қалалықтарға қарағанда өзгешелеу болатыны да жасырын емес. Дей тұрғанмен, олар да өздерінше «қалалық» болуға тырысып, еліктеушіліктен туындайтын «жасанды қылықтарымен» өзгелердің назарын аударуға тырысады. Бірақ, ондай «жасанды қылықтардың» барлығы бірдей сәтті шыға бермейді. Қазақы қалпын бұзатын кейбір өрескел іс-әрекеттерінің жалпы жастарға деген көзқарасты бұзатынын олар біле ме екен?!

Сабақтан бос уақыттарын серуенмен өткізетін кейбір жастардың көшедегі мәдениеттерін олардың қалдырған «қолтаңбаларынан» анық аңғаруға болады. Асфальт бетін айқыш-ұйқыш еткен түкірік, темекі қалдықтары, шағылған шемекінің қабығы мен басқа да көз сүріндірер берекетсіздікке қарап, жастар түсінігінің әлі де болса таяздығына тандай қақпасқа амалың жоқ! Қаламыздағы сан алуан оқу орындарының маңы да осындай көрініске толы. Темекінің түтінін будақтата сорған жас бозбала мен бойжеткен өз денсаулығын құртып қана қоймай, өзін білім нәрімен сусындатып отырған білім ұясының айнала тазалығы мен салтанатына нұқсан келтіретінін ойланып та жатпасы анық. Сондай-ақ оқу орындарында жұрт көзінен таса жерде шылым шегетін арнайы орын болса, құба-құп. Тағы бір келеңсіз көріністі айтар болсақ, қазіргі қазақ жігіттері мен қыздарының көшеде құшақтары айқасып тұруы да – ең сорақы мәдениетсіздік. Біздің бұрынғы шынайы сезімге ие болған Қозы мен Баян, Төлеген мен Жібек сынды ғашықтар туралы кинофильмдерді сол бүгінгінің Ромеосы мен Джульеттасы қарай ма екен?! Тағылымды тәрбие алған бозбала бойжеткеннің маңдайынан иіскеуден әріге бармаған [24].

2-тапсырма. Оқылым. Мәтінді мұқият оқып, «Қос жазба күнделігін» толтырыңыздар. Негізгі ақпаратты, маңызды жерлерін түсіндіріңіздер. Жұпта бір-біріңізбен талқылаңыздар.

11-кесте – Қос жазба күнделігі

Дәйексөз (цитата)	Түсіндірме (комментарий)

Қоғам

Қоғам – өте нәзік әрі күрделі материя. Оны қолмен ұстауға немесе микроскоппен қарап көруге болмайды. Олай болса, қоғамды анықтайтын өлшемді табу қажет.

«Қоғам» деген сөздің мағынасы кең: алғашқы қауымдық қоғам, феодалдық қоғам, капиталистік қоғам, француз қоғамы, демократиялық қоғам т.б. Бұл арада алдымен белгілі бір қауымның немесе жеке бір елдің тарихи даму кезеңдері еске түседі. Ал осы сөзді жалпы мағынада алсақ, онда бүкіл адамзат тарихы және оның болашағы туралы ойлаймыз. Бұл – әлемнің барлық халықтарының жиынтығы жөніндегі ұғым. Басқа сөзбен айтсақ, адамдардың өзара қатынас тәсілі және бірігу формаларынан тұратын, табиғаттан ерекшеленген дүниенің бір бөлігі.

Қоғам туралы түсінікті нақтылай түссек, қоғам деп – бірігіп еңбек ететін жеке адамдардың жиынтығын және олардың арасындағы екі жақты қатынасты айтамыз. Біріншісі, қоғам – адамның өмір сүру тәсілі. Қоғамсыз адам жоқ, адамсыз қоғам жоқ. Екіншіден, қоғам жеке адамдардан ғана тұрмайды, ол сол жеке адамдардың өзара қатынасын көрсетеді. Жеке адам қоғамға ұжым арқылы енеді. Ол сонымен қатар бірнеше ұжымдардың мүшесі болады (еңбек, партия, кәсіподақ, т.б.). Демек, қоғам – ұжымдардың ұжымы, бірлігі болып көрінеді [25].

«Қоғам» деген ұғым әлеуметтану ғылымының басты категориясы болып табылады.

Күнделікті өмірде бұл ұғым кең түрде және әр түрлі мағынада қолданылады. Мәселен: 1) тандаулы адамдарың қоғамы; 2) театр өнерін сүйшілер қоғамы; 3) Ресей немесе Қазақстан қоғамы; 4) адамзат қоғамы, т.б. мағынада қолдану бар. Әлеуметтану ғылымы осы аталғандардың ішіндегі үшінші топтағы «қоғам» ұғымын зерттейді.

Көп уақытқа дейін «мемлекет» және «қоғам» ұғымдарын мазмұн және терминологиялық жағынан айырып көрсету болмады. Бұл ұғымдардың мазмұнын айыруда алғаш қадам жасаған итальяндық ғалым Н. Макиавели болды. Осы мемлекет ұғымын «қоғам» ұғымынан айырып қарау үшін «*stato*» деген ернайы термин енгізді.

«Мемлекет», «қоғам», «ел» деген ұғымдарды синоним ретінде түсіну әлі де кездеседі. Әрине, бұл атаулардың жақындық болғанымен, оларда

айырмашылық бар. Егер біз оларға жеке тоқталсақ, қоғам – бір-бірімен өзара байланыста, қарым-қатынас болатын адамдардың үлкен қоғамдасуы; мемлекет – сол қоғамдағы басқаратын билік органы; ел – әлгі аталған қоғам қалыптасып, мекендейтін белгілі бір территория.

Ғылыми әдебиеттерде «қоғамның» мәнін түсіндіруге бағытталған анықтамалардың саны 150-ден астам. Әрине, олардың бәрі бірдей «қоғам» деген ұғымның мәні мен мазмұнын толық аша алмағанмен, бұл анықтамаларда ортақ сипатты белгілер бар [26].

3-тапсырма. Айтылым. «Сұрақ қоя білу» тәсілі арқылы мұғалімнің төмендегідей сұрақ түрлеріне ауызша жауап беріңіздер.

Негізгі сұрақ

Интернеттің пайдасы мен зияны қандай?

Жанама сұрақ

Құрастырған сұрақтарыңызды басқа топтарға айтып, талқылаңыздар.

Анықтауыш сұрақтар

Алдыңғы сұрақтардың жауаптарын жазып одан тағы да сұрақ туындатыңыздар.

Жауаптағы детальдар негізгі сұраққа жауап бере ала ма?

Сұрақтар мен жауаптар шынайы ма? Әлде шындыққа жанаспай ма?

Интернет бастамасы

Интернет – кез келген компьютерлермен бүкіл әлем бойынша ақпарат алмасу мен беру мүмкіндігі, желілер жүйесі. Интернет – байланыс араларын өзара біріктіретін, тораптардың жиынтығы.

Әрбір топтарда көбінесе *UNIX* операциялық жүйесін басқару арқылы жұмыс істейтін бір немесе бірнеше қуатты компьютер-сервер болады. Мұндай торапты кейде хост деп атайды.

Торапты оның иесі – провайдер деп аталатын ұйым немесе Интернет қызметін жабдықтаушы басқарады.

Интернет әр түрлі ережемен жұмыс істейтін желілерді біріктіреді. Бұл ережелерді үйлестіру үшін шлюз құрылғысы қызмет етеді. Шлюз – басқаша тәсілмен үйлеспейтін желілерді қосатын құрылғы. Шлюз әр түрлі желілердің бірлескен жұмысын қамтамасыз етуге арналған мәліметтерді өзгертпейді.

Интернет желісіне әр түрлі операциялық жүйелерді басқару арқылы жұмыс істейтін компьютерлер кіреді. Алайда, ақпарат алмасу кезінде барлық ЭЕМ хабар беру тәсілдері туралы бірыңғай келісімдер қолданылуы тиіс. Сонда ЭЕМ-ның қай-қайсысы да басқа кез келген ЭЕМ-нан алынған ақпарат түсінуге қабілетті болады.

Электронды пошта немесе *e-mail (electronic mail* – электронды пошта), адамдар арасындағы байланыс тәсілдерінің бірі болып табылады. Электронды почтаның Интернеттегі негізгі функциясы – планетаның қай нүктесінде болса да, Интернеттің кез келген екі пайдаланушысы арасында электронды хаттармен

– мәтіндік хабарламамен оперативті және өте тез алмасуды жүзеге асыру. Электронды поштаның қосымша мүмкіндіктеріне мыналарды жатқызуға болады: дыбыстық хабар, құжаттарды, сызуларды, фотосуреттерді, бейнематериалдарды беру; ғылыми журналға, сирек кітаптарға, жарнамаға жету және әр түрлі тауарларды жолдау немесе сату; сонымен қатар, ұжымдық іс-әрекеттерді бағдарламалық қамтамасыз ету; мекемелер мен ұйымдарда құжат қолдану; ұжымдық жұмысты жоспарлау. *EFT* хаттамалары бойынша электронды поштаның жаңаша пакеттері (*Electronic Funds Transfer* — ақшалай қаражатты электронды аудару) және *EDI* (*Electronic Funds Data Interchange* — мәліметтермен электронды алмасу) желі бойынша іс жүзінде қамтамасыз етілетін ақша, шоттар және басқа қаржылық құжаттарды аудару.

Қазіргі уақытта кез келген информациялық технологияның жаппай техникалық компоненті компьютер болып табылатыны белгілі.

Компьютерлік телекоммуникацияны пайдалану – алыстағы компьютермен диалогтық режимде немесе электрондық пошта режимде жұмыс істеуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ ,электрондық пошта өте қолайлы және аса қымбат емес [27].

4-тапсырма. Жазылым. «Интернет жетістіктері» тақырыбында кластер толтырыңыздар. Сол кластерге қарай отырып үкіметтің көмегі керек қиындықтарды таңдап алыңыздар. Шешу жолдарын топ болып іздеңіздер. Аталған қиындықтардан үкіметпен бірлесе отырып, шығу жолдары ұсынылған үндеу хат жазыңыздар (12-кесте).

12-кесте – Хат құрылымы

Өзіндік пікір
Дәлел
Өз пікірін айғақтайтын мысал
Өз пікіріне қарсы дәлел
Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал
Қорытынды

Интернет жетістіктері

Интернет технологисы жылдам өзгеріп отырады. Интернетпен жұмыс істеу оңайланғандықтан, қазіргі өзгерістер торапты кім немесе қандай мақсатпен қолдануында болып отыр. Дегенмен, «*Web*-тен білгім келген нәрсе туралы, ақпарат таба аламын ба?» – деген сұрақ туындайды. Сол себепті бір жаққа телефон соғудан бұрын немесе кітапханаға барар алдында *Web*-тен ақпарат алады.

Адамдарды іздеу. Егер қажетті адамыңыздың қайда екенің білмесеңіз, оны қайда болмаса да сіз қазіргі уақытта тауып алу мүмкіндігіңіз бар. Ол үшін сіз қызмет каталогын немесе телефон кітапшасын қолдана аласыз.

Компанияларды, өнімдерді немесе басқа да қызметтерді іздеу. Сары парақ (*Yellow Page*) атты жаңа каталог қызметі – сізді қызықтыратын мамандықтары бар компанияларды іздеуге мүмкіндік береді. Оның меке-жайын тез табу үшін сіз сол облысқа сәйкес кодты бере аласыз. Осылайша өзіңіз қолыңыз жетпей жүрген затыңызды да табуға болады.

Зерттеу. Заң кенселері бұрын қажетті ақпараттар үшін сағатына \$8600 төлесе, қазір олар оны Интернеттен өте аз бағаға ала алады. Жылжымайтын заттармен айналысатын фирмалар, олардың бағасын бағалау үшін Интернетке сай келетін демографиялық мәләметтерді пайдаланады. Ғалымдар өздерінің соңғы зерттеу нәтижелерімен ауысады. Интернет көмегімен бизнесмендер болашақтағы нарықтарды үйренеді.

Білім. Мектеп мұғалімдері бүкіл әлемдегі оқыту бағдарламаларын бақылап отыра алады. Колледж оқытушылары өз шаңырақтарымен электрондық пошта арқылы хабарласып, сонымен қатар телефонмен сөйлесу ақысын үнемдейді. Студенттер компьютерде курстық жұмыстарын жасайды. Сонымен қатар, диалогтық режимде энциклопедияның соңғы басылымын және басқа да қажетті материалдарды алуға болады.

Сапар. Үлкен, кіші қалалар, штаттар және бүкіл мемлекеттерді *Web*-те туристік және басқа да қажетті ақпараттардан табуға болады. Желіде сапар шегушілер ауа райы туралы мәліметтерді, транспорт қозғалысының уақыт кестесін немесе мұражайдың жұмыс уақыттары туралы мәліметтер ала алады.

Маркетинг және сауда. Мұнда бағдарламалық жабдықтарды шығарушы компаниялар өз өнімдерін сатып, желіде жаңа нұсқаларын ұсынады. Желі көмегімен басқа да түрлі өнімдер сатылады. Электронды кітап және грампластинка дүкендерді оперативті режимде істейді. Клиент өзіне қажетті мәліметті каталогтардан көре алады.

Денсаулық сақтау. Науқас адамдар мен дәрігерлер денсаулық сақтау облысындағы соңғы ашылған жаңалықтарды біліп отырады. Өз білімдерімен алмасып және медициналық мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесіп отырады.

Инвестиция. Адамдар акция сатып алып ақшаларын пайдалы айналымға жібереді. Кейбір компаниялар өздерінің акцияларын оперативті режимде ұсынады. Осылайша инвесторлар жаңа өнеркәсіптерді, ал өнеркәсіптер капитал табады. Конференция және аукциондарды ұйымдастырушылар хабарлама жасау, өтініш жинау немесе қатысушыларды тіркеу, т.б. жұмыстарды *Web*-те жасайды. Мұнда ақпарат барлық уақытта жаңарып отырады, қағазды және транспорт шығынын әлдеқайда үнемдеуге болады.

Дін. Дін немесе басқа да қоғамдық ұжымдар *Web*-те өздері туралы айтып, басқа адамдарды ұжымдарына шақыратын өз парақтары бар [28].

2 11-сыныптағы «Қазақ тілі» (Т2) пәніне арналған дидактикалық материалдар

11-сынып оқушыларына арналған оқу бағдарламасында төмендегідей бөлімдер берілген:

- 1-бөлім Бос уақыт қоғам дамуының көрсеткіші;
- 2-бөлім Қазіргі әлемдегі театр;
- 3-бөлім Қазақстан бейнесі: Қазақстанның өткені мен келешегі;
- 4-бөлім Қазіргі Қазақстан: Экономиканы дамыту жолдары;
- 5-бөлім Зиялы ұлт – болашақ тірегі;
- 6-бөлім Экология. Мұнай және атомдық индустрия;
- 7-бөлім Қазіргі қоғам. Миграция, зияткерлік миграция;
- 8-бөлім Қазіргі қоғам: Әлем және қауіпсіздік;
- 9-бөлім Қазақстан халықтарының рухани құндылықтары.

1-бөлім Бос уақыт қоғам дамуының көрсеткіші

1-тапсырма. Тыңдалым. «Бос уақытта қандай ермек іспен айналысса болады?» тақырыбындағы мәтінді тыңдап, «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жұмыс жүргізіңіздер.

«Төрт сөйлем» тәсілі

1. Пікір. Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңізді бір сөйлеммен жазыңыздар.
2. Дәлел. Өз пікірлеріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіздер.
3. Мысал. Пікірлеріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіздер.
4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыздар.

Бос уақытта қандай ермек іспен айналысса болады?

Көпшілік қауым қолы қалт еткен кезді, яғни бос уақытын қалай өткізуді білмей жатады. Кейде әр нәрсені сылтау етіп, кейін «менің мүлдем бос уақытым болмайды» деп өкпе артады. Психолог-ғалымдардың айтуы бойынша, адам бос уақытын өзі қадағалап, оны қалай өткізу керектігін өзі шешуі қажет. *«Немен айналысуға болады?!»* деген сұраққа психолог-мамандар: *«Жаныңызға жай сыйлайтын ермек іс (хобби) тауып алыңыз»* деп жауап айтып, кеңес береді. Ал сол ермек істі қалай табуға болады?

Ермек істердің әр түрлі болып келеді. Олардың барлығы тек уақытты тиімді өткізуге ғана емес, денсаулыққа да оң әсерін тигізеді. Олай болса, бос уақытта қандай ермек іспен айналысса болады?!

Қолөнер

Күйзеліс пен көңілсіздіктен арылтатын іс – тоқыма тоқу. Тоқыма тоқыған кезде, өзіңізді жайлы әрі жеңіл сезінесіз. Сондай-ақ, кесте тігу, сурет салу, экибана жасау, бисер тоқу, т.с.с. қолөнермен айналысуға болады. Қолымнан келмейді десеңіз, танымдық кітап-журналдарды ақтарып, үйреніп алуға ұмтылыңыз.

Гүл өсіру

Көп жандар бос уақытын бау-бақшада өткізеді. Әрине, жер үйде тұратын болсаңыз, бақшаға гүл еккенге, оны жайқалтып өсіргенге не жетсін?! Ал көп қабатты үйде гүлдерді аса еге алмайсыз. Алайда, балконда шағын бау-бақша жасап алуға болады. Кішкентай гүл ыдыстарына қалаған үй өсімдіктерінің дәнін егіп, оны күтіп-баптауға кірісіңіз.

Коллекция жинау

Бала күні кэмпит қағаздары мен сүйікті әртісіңіздің суреттерін жиыстырған боларсыз. Сол сәттерді еске түсіріп, өзіңізге қызықты дүниелерді жинастырыңыз. Әдеби кітаптар, күйтабақтар, базарлықтар, пошта маркалары, ыдыс-аяқтар, жұмсақ ойыншықтар сияқты дүниелерді жиыстырып, өзіңіздің коллекцияңызды толықтырыңыз.

Үй жануарларын асыраңыз

Аквариумдағы балықтар, мысықтар, кішкентай иттер, тасбақа т.б. қалаған үй жануарларын асыраңыз. Үй жануарыңызға күтім көрсетіп, бос уақытыңызды оны асыраумен өткізіңіз.

Блог жүргізіңіз

Ғаламтор беттеріндегі ақпараттық-танымдық порталдарға тіркеліп, блог жүргізіңіз. Өзіңіздің басыңыздан өткен қызықты оқиғаларды, ой-толғауларыңызды жазып, өзгелердің пікіріне зер салыңыз. Әр түрлі тақырыптарды қозғайтын форумдарда өзгелермен өз ойыңызбен бөлісіңіз.

Спортпен шұғылданыңыз

Фитнесс-клубтары мен спорт залдарына барып, би, жүзу, йога, аэробикаға жазылыңыз. Достарыңызбен жиылып, спорт алаңына барып, бадминтон, волейбол, баскетбол ойнаңыз. Шеңбер айналдырып, секіртпемен жаттығулар жасаңыз.

Қандай ермек іспен айналыспасаңыз да, ол әуелі, сізге ләззат әкелу керектігін ұмытпаңыз. Ермек істер жаныңызға рахат сыйлап қана қоймай, бос уақытыңыздың қызықты өтуіне жол беруі керек [29].

2-тапсырма. Оқылым. Мәтінді оқып, кесте толтырыңыздар (13-кесте). Кейіпкердің іс-әрекетін анықтаңыздар. Шағын топтарға бөлініп, бос уақытты қалай тиімді өткізуге болатынын талқылаңыздар.

13-кесте – Мәліметтер кестесі

Оқиға	Кейіпкердің іс- әрекеті

Менің бос уақытым

Мен мектепке аптасына алты күн барамын, сондықтан менің демалысым тек – жексенбі. Жексенбі күні басқа күндерге қарағанда кешірек тұрамын. Қыста таңертеңгі астан кейін шаңғы тебуге кетемін. Серуеннен түскі тамаққа

бірақ ораламын. Кейде достарыммен кездесіп, ән тыңдаймыз, бейнетаспа көреміз. Жазғы демалысымды таза ауада қызықты өткізуге тырысамын. Сенбі күні кешке ата-анаммен, бауырларыммен саяжайға кетемін. Біздің саяжайымыз өзенге жақын. Өзеннің жанында тоғай бар. Мен тоғайға барып саңырауқұлақ, жидек теремін. Егер далада жауын жауып тұрса, үйден шықпай, кітап оқып, теледидар көремін, үй шаруасына көмектесемін [15].

3-тапсырма. Айтылым. «Уақыттың қадірі» (www.youtube.com/watch?v=5iYudLgsbcU) бейнебаянын көріп, «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы өз ойларыңызды айтыңыздар, өзгенің пікірін бағалаңыздар.

Ойлаудың алты қалпағы

«*Ақ қалпақ*» киген оқушы қажетті ақпаратты анықтап сөйлейді.

«*Сары қалпақ*» киген оқушы тақырыптың тиімділігін сендіре айтады.

«*Қара қалпақ*» киген оқушы тақырып бойынша кемшіліктерді анықтайды.

«*Қызыл қалпақ*» киген оқушы тақырып бойынша болжам жасайды.

«*Жасыл қалпақ*» киген оқушы тақырып бойынша креативті, жаңа идеялар айтады.

«*Көк қалпақ*» киген оқушы тақырыпқа сараптама жасайды.

4-тапсырма. Жазылым. «Бос уақыт қоғам дамуының көрсеткіші» тақырыбы бойынша бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен салыстыра отырып, креативті эссе жазыңыздар.

2-бөлім Қазіргі әлемдегі театр

1-тапсырма. Тыңдалым. «Театр әлемде» тақырыбындағы мәтінді тыңдап, «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жұмыс жүргізіңіздер.

«Төрт сөйлем» тәсілі

1. *Пікір.* Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.

2. *Дәлел.* Өз пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

3. *Мысал.* Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.

4. *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыз.

Театр әлемде

Театр өнері көрерменнің өзгелерге деген, басқа халықтар өмірі мен қоғам тіршілігіне деген ынта-ықыласын арттырумен қатар, достық сезімін де күшейте түсуге игі әсер етеді. Дүние жүзіндегі түрлі халықтардың географиялық-тарихи даму өзгешелігі мен олардың өмір-тұрмысы, әдет-ғұрпы, психикалық хал-жайы әр алуан театр жүйелерінің туып, қалыптасуына ықпал жасады. Осыған орай еуропалық театрларды және Шығыс елдерінің (Жапония, Қытай, Үндістан, т.б.) театр мәдениетін, Америка, Африка, Мұхит аралдары халықтарының өзіндік сипаты бар театр өнерін де атауға болады. Театрдың әрекет пен сауыққа

негізделген мән-мағынасы тарихи тұрғыда, оның өмірге алғаш келуімен байланысты айқындалады. Адамзат тарихымен қоса жасасып келе жатқан театрдың қайнар көзі ежелгі замандағы аңшылық пен ауыл шаруашылық ойын-сауықтарына, халық мерекелері мен салт-жораларына саяды. Осы негізде пайда болған алғашқы трагедиялық және комедиялық сипаттағы дәстүрлі ойын-сауықтар мазмұнынан драмалық тартыстар мен сюжеттердің нышандары, сондай-ақ хор әндері, билер, диалогтер, киім киіп, сән-салтанат құру, маскамен бет-әлпетін өзгерту бой көрсетті. Ойын-сауық әрекетінің діни-салттық негізден бірте-бірте арылып бөлінуі, қаһарманның хор тобынан алдыңғы қатарға шығуы және көпшілік мейрамдарын арнайы ұйымдастырылған ойын-сауыққа айналдыру әдеби драмалардың тууына қолайлы жағдай жасады. Актерлер мен көрермендерге жіктеліп бөліну театрдың аса маңызды қоғамдық қызметін айқындай түсті. Бұл процесс еуропалық театр өнерінің өркен жаюына зор ықпал жасаған Ежелгі Грекия театрында айқын көрініс тапты. Біздің заманымыздан бұрын 5 ғасырдың өзінде-ақ ежелгі гректердің мемлекет-қалаларында театр қоғамдық өмірдің орталығына айналды. Бұларда ойын-сауықтар бүкіл халық мерекесі саналды. Аспан аясында, төбесі ашық алып амфитеатрларға он мыңдаған көрермендер жиналып, ойын-сауықты тамашалап отырды. Ал мұндай ойын-сауықтар маман актерлерден басқа хорға қатысатын барлық көрермен-азаматтардың өздерін де қамтитын болған [30].

2-тапсырма. Оқылым. Мәтінді оқып, театр туралы өз ойларыңызды жүйелі жеткізуге тырысыңыздар, пікір айтып, бағалаңыздар. «ПОПС» формуласы пайдаланыңыздар.


«ПОПС» формуласы

1. *Бірінші сөйлем* «Менің ойымша, ... »
2. *Екінші сөйлем* «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »
3. *Үшінші сөйлем* «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »
4. *Соңғы сөйлем* «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»

Әлемдегі ең үлкен театр

Әлемдегі ең үлкен театр аспан асты елінің астанасы *Бейжің* қаласында орналасқан (11-сурет). Қытай халық үлкен театры 2007 жылы салынып, дәл сол жылдың аяғында өз шымылдығын ашқан болатын.

Театр 6500 орынды. Ғимарат ұзындығы 212 метр, ені 143 метр, биіктігі 46 метр. Аумағы 100 000 шаршы шақырымға жететін нысанды 22 000 металл қоршаған. Пайдаланатын аумақ 150 000 шаршы шақырым.



11-сурет – Бейжің қаласындағы театр

Күмбезі титан мен әйнектерден жасалған театр таяз тоған ортасында орналасқан. Жоба авторы сәулетші Поль Андренің айтуы бойынша, тікбұрышты тоған мен оның ортасындағы сопақ ғимарат «Жер мен Көк» деп аталатын көне қытай космологиялық белгіні сипаттайды. Алайда, бұл жоба көпшілік тарапынан бірталай сынға ұшырады. Қытай сәулетшілерінің пікірінше, Тяньаньмэнь алаңы мен Жабық қала жанында орналасқан ғимарат өзінің заманауи келбетімен тарихи ауданның сәнін бұзады. Театр бюджеті 400 млн АҚШ долларын құраған. Қытай халқы жаңа ғимараттың пішінін үйрек жұмыртқасымен салыстырды.

Алғашқы маусым ашылған сәттен бастап-ақ, көпшілік қауым театрдың «мәдени міндетін» түсінген жоқ.

Ғимараттың үлкен вестибюлінде театрдың үш залы тоғысады: 2416 орынды опера залы, 2017 орынды концерт залы, 1040 орынды қойылым залы (12-сурет). Алып күмбездің ішкі жағы Бразилияда өсетін қызыл ағашпен қапталған. Ғимарат едені ақ, сары, сұрғылт мәрмәр тастармен төселген. Ең кіші зал саналатын қойылым залының ішкі жағы сарғыш, қызыл, қызғылт түсті жібек матамен қапталған.



12-сурет – Театр залы

Театр ішінде көрме залдары, аудио және бейне дүкендері жұмыс істейді. Ғимарат астында 1000 орынды автокөлік тұрағы мен 1400 орынды велосипед тұрағы бар [31].

3-тапсырма. Айтылым. «Сұрақ қоя білу» тәсілі арқылы мұғалімнің төмендегідей сұрақ түрлеріне ауызша жауап беріңіздер.

Негізгі сұрақ

Қазіргі кездегі театр қандай болуға тиіс?

Жанама сұрақ

Құрастырған сұрақтарыңызды басқа топтарға айтып, талқылаңыздар.

Анықтауыш сұрақтар

Алдыңғы сұрақтардың жауаптарын жазып одан тағы да сұрақ туындатыңыздар.

Жауаптағы детальдар негізгі сұраққа жауап бере ала ма?

Сұрақтар мен жауаптар шынайы ма? Әлде шындыққа жанаспай ма?

4-тапсырма. Жазылым. «Маған сыры мәлім болған бір құпия ...» тақырыбында досыңызға хат жазыңыз.

Бағаланатын қабілеттеріңіз:

- логикалық бөліктерге бөліп хронологиялық баяндама жазу;
- өткен шақта жазу;
- төл және төлеу сөз қолдану;
- бірінші жақты қолдану;
- уақытқа байланысты жалғаулықтарды қолдану;
- толық сипаттау;
- соңында эмоциялар мен сезімдер жазу.

3-бөлім Қазақстан бейнесі: Қазақстанның өткені мен келешегі

1-тапсырма. Тындалым. «Қазақстан барысы» (www.youtube.com/watch?v=k_tKR6o8BP8) мультфильмінің бастапқы бөлігін көріп, аяқталуын өздеріңіз болжап, ерекшелігін кестеге толтырыңыздар (14-кесте).

14-кесте – Болжау кестесі

Мәтін бөлімдері	Қандай мәселе көтеріледі? (не болады?)	Шындығында қандай мәселе көтерілді? (Не болды?)
	2 сөйлемнен кем емес болжау.	2 сөйлемнен кем емес ақпарат.

2-тапсырма. Оқылым. Мәтінді оқып, «Тәуелсіз Қазақстан: бүгіні мен болашағы» туралы өз ойларыңызды жүйелі жеткізуге тырысыңыздар, пікір айтып, бағалаңыздар. «ПОПС» формуласы пайдаланыңыздар.

«ПОПС» формуласы

1. *Бірінші сөйлем* «Менің ойымша, ... »
2. *Екінші сөйлем* «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »
3. *Үшінші сөйлем* «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »
4. *Соңғы сөйлем* «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ... »

Тәуелсіз Қазақстан: бүгіні мен болашағы

...Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарымызда қиыншылыққа тап болғанымыз рас, бірақ оның барлығы арта қалды. Қазір біздің еліміз ел беделді, ең тамаша, ең танымал елдердің біріне айналды деп айтқанымыз артық емес. Тарихи тұрғыдан қарағанда күрмеуге келмейтін қысқа мерзім ішінде Қазақстан дамыған, нарықтық экономикасы, орнықты саяси жүйесі бар, өз азаматтарының әлеуметтік қорғалуын жақсы жолға қоя алған осы заманғы мемлекет ретінде қалыптасты.

Қазақстан бүкіл әлем бойынша жер көлемі жағынан 9-шы орында тұр. Елбасының салиқалы саясатының арқасында, көптеген жетістіктерге жетіп, ел қарыштап дамып жатыр. Қазақстан барлық елдермен сауда, экономика жағынан тығыз байланыста. Бұрын Қазақстанды ешбір ел білмейтін еді, ал қазір Қазақстанды білмейтін ел жоқ. Қазақстанда көптеген елшіліктер ашылды. Көрші елдермен қарым-қатынасы өте жоғары дәрежеде деп айтсақ, артық айтқандық емес. Еліміз халықаралық қоғамдастық алдында жоғары құрмет пен беделге ие бола отырып, әлемдік координаторлар жүйесінде лайықты орнын белгіледі. «Қазақстандық даму жолы» деп аталған табысты саяси-экономикалық өзгерістердің бұл оң сипаты, бірінші кезекте, Президент Н.Назарбаевтың терең байыпты саясатының, оның айрықша саяси дарыны мен стратегиялық көрегендігінің арқасында мүмкін болғаны баршаға мәлім.

...100 мектеп, 100 аурухана аясында мектептер салынды. Ол да елбасымыздың болашақты ойлағаны. Ия, болашағымызды ойласақ, еліміздің еңсесі биіктеп, жоғары мәртебеге ие болады деп ойлаймын [32].

3-тапсырма. Айтылым. «Тәуелсіз Қазақ елі» (www.youtube.com/watch?v=69Zh1Gms6Ls) атты мультфильмді көріп, әңгімелесіңіздер.

4-тапсырма. Жазылым. «Диктоглас» әдісі.

Қаламдарыңды қойып, мұғалімнің оқыған сөйлемін тыңдаңыздар. Естігендеріңізден есте қалған сөздердің барлығын қағаз бетіне түсіріңіздер. Мейлінше дұрыс сөйлем құрап, сөйлемдерді салыстырып, тақтаға дұрыс сөйлемді жазыңыздар. Өзге сынып оқушылары сөйлемге өзгерістер енгізуі тиіс. Соңында мұғалім нұсқасымен салыстырыңыздар. Осылайша мәтіндегі әрбір сөйлеммен жұмыс жүргізіңіздер.

Қазақстан

Қазақстан (Қазақстан Республикасы) — Еуропа мен Азияның тоғысында Еуразия құрлығының қақ ортасында орналасқан мемлекет. Жер көлемі жағынан әлем елдерінің ішінде 9-ншы орында. Жер көлемі — 2 724 900 шаршы шақырымды құрайды.

Қазақстан батысында Еділдің төменгі ағысынан, шығысында Алтай тауларының етегіне дейін 3000 шақырымға созылып жатыр. Солтүстіктегі Батыс-Сібір жазығынан, оңтүстіктегі Қызылқұм шөлі мен Тянь-Шань тау жүйесіне 1 600 шақырымға созылып жатыр. Қазақстан Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан, Иран елдеріне, Еділ өзені және Еділ-Дон каналы арқылы Азов және Қара теңіздерге шыға алады. Дегенмен мұхитқа тікелей шыға алмайтын мемлекеттердің ішінде Қазақстан — ең үлкені.

Бес мемлекетпен көршілес, солтүстігінде Ресей Федерациясымен — 6 467 шақырым, оңтүстігінде — Түрікменстан — 380 шақырым, Өзбекстан — 2 300 шақырым және Қырғызстан — 980 шақырым республикаларымен, ал шығысында — Қытаймен — 1 460 шақырым шектеседі, батыста Каспий теңізімен, оңтүстікте Арал теңізімен шайылады.

Қазақстан Республикасының халқы 2011 жылдың 1 қаңтарына 16 441 959 адамды құрады. 2010 жылдың басында халық саны 16 204 617 адам болатын. Республикада қазақтардан басқа 131 ұлыстың өкілдері тұрады. 2009 жылы өткізілген халық санағының қорытындысы бойынша халықтың этноқұрамы келесідей болды: қазақтар — 63,1%, орыстар — 23,7%, өзбектер — 2,9%, украиндар — 2,1%, ұйғырлар — 1,4%, татарлар — 1,3% , немістер — 1,1%, кәрістер — 0,6%, түріктер — 0,6%.

Елордасы — Астана қаласы. Әкімшілік жағынан 14 облыс және республикалық маңызы бар 3 қалаға (Астана, Алматы, Байқоңыр) бөлінеді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі — қазақ тілі, орыс тілі ресми тіл қызметін атқарады [33].

4-бөлім Қазіргі Қазақстан: Экономиканы дамыту жолдары

1-тапсырма. Тыңдалым. Ұсынылып отырған ресурс бойынша Қазақстан экономикасы (<https://www.youtube.com/watch?v=77kPIUh9mtI>) бейнебаянын зейін қойып тыңдаңыздар. Топтарға бөлініп, бейнебаян бойынша пікірлесіңіздер.

2-тапсырма. Оқылым. «Қазақстан валютасы - теңге» тақырыбындағы мәтінді оқып, материал бойынша негізгі ойды анықтаңыздар, қорытынды жасауға үйреніңіздер. «Пирамидалық талқылау» стратегиясын пайдаланыңыз.

«Пирамидалық талқылау» стратегиясы

Топ мүшелері өз пікірін жеке жазып, ортада талқылап, ортақ пікір қалыптастырады. Топ мүшелерінің саны 4 оқушыдан болуы керек. Әр топ таратылған флипчарт қағазға тапсырмаға байланысты жеке өз ойларын жазады.

Қағазды бұру арқылы бір-бірінің жауабымен танысады. Жауаптарымен танысып, ортақ пікірді қағаз ортасына жазып, ойларын қорғайды.

Дүниежүзінде 2002-ден астам мемлекет бар. Ал 60-қа тарта мемлекеттің ғана Банкнот сарайы бар. Өзге мемлекеттің бәрі сол Банкнот сарайларына барып, өзге мемлекеттермен шарт жасасып, соның арқасында жұмыс жасайды. Мысалы, 6 миллион ғана халқы бар Қырғыстанға Банкнот сарайының керегі жоқ. Бұл экономика жағынан өте тиімсіз. Біздің 15 миллион халқымыздың өзіне ақша шығарудың бүкіл технологиялық процесін өзімізде атқару экономикамызға зиянын тигізеді. Неге десеңіз, ақша басу деген – өте қиын шаруа. Ақша басуға нағыз керемет технологиялар қолданылады. ТМД-ның ішінде де бес-алты-ақ мемлекеттің жеке Банкнот сарайы бар. Соның бірі – Қазақстан.

...Ақшаның шетелде басылуы бір-ақ рет жүзеге асырылды. 2006 жылы жаңа үлгідегі қазіргі қолданыстағы банкноттарды шығарған кезде біз не үшін бұл қадамға бардық? Үш номинал шетелде шығарылды да, тираж жағынан ең көп және жиі қолданыстағы үш номинал өз Банкнот фабрикамызда шығарылды. Өйткені Ұлттық банктің банкнот фабрикасындағы құрал-жабдықтардың қуаты жетпейтін болды. Ақшаның дизайны ауысқанда оны шығарудың екі түрі бар. Біріншісі – біртіндеп шығару, ол кезде уақыты көбейіп кетеді де, әр жыл сайын айналымға түрлі-түсті өзге банкнот халықтың қолына тиіп отырады. Бұл ел арасында түсінбеушілік тудырады. Айналымда ескі 500 теңге де, жаңа 500 теңге де жүреді. Келесі жылы тағы да осылай болады.

Екінші жағынан, ақшаның ауысуы экономикалық жағынан тиімді болуы керек. Біртіндеп ауысқан теңге қолдан ақша жасаушыларға қолайлы. Ақшаның дизайны өзгергенін естіген, бірақ онымен таныс емес қарапайым көпшілік алданып қалуы мүмкін. Ал бір кезекте алты номиналды бір-ақ шығаратын болса, қолдан ақша жасаушылар үлгермейді. Оның үсітне жаңа дизайндағы ақшаға халық бірден үйренеді. 9 айдың көлемінде ескі ақшаның 98 пайызы қайтып келді [34].

3-тапсырма. Айтылым. «Дербес пікір» айту тәсілі арқылы «Экономиканы дамыту жолдары» тақырыбы бойынша сөйлесіңіздер.

«Дербес пікір» айту тәсілі

1. Өзіндік пікір (ой, идея);
2. Дәлел;
3. Өз пікірін айғақтайтын мысал;
4. Өз пікіріне қарсы дәлел;
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал;
6. Қорытынды.

4-тапсырма. Жазылым. «Экономиканы дамыту жолдары» тақырыбы бойынша бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен салыстыра отырып, креативті эссе жазыңыздар.

5-бөлім Зиялы ұлт – болашақ тірегі

1-тапсырма. Тыңдалым. «Зиялы қауым» тақырыбындағы мәтінді тыңдап, «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жұмыс жүргізіңіз.

«Төрт сөйлем» тәсілі

1. *Пікір.* Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.
2. *Дәлел.* Өз пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.
3. *Мысал.* Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.
4. *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыз.

Зиялы қауым

...Зиялы топты қай саладан, қандай топтың арасынан іздеу керек, басқалай айтқанда, зиялы топ тек билік бағытында не болмаса экономика бағытында деген сияқты белгілі бір бағытта қалыптаса ма, әлде қалай?.. Өйткені халық ұғымында «зиялы қауым» дегенде алдымен ақын-жазушылар аталады. Біздің елімізде бір қарағанда қарапайым көрінгенімен мәселелің осындай қырларын айқындап, аражігін түсіндіретін ешкім жоқ. Әйтеуір «зиялы қауым», «зиялы топ өкілдері» дей береміз, ал астарына, егжей-тегжейіне бойламаймыз...

Кеңес дәуірі тұсындағы зиялылар дегенде ақын-жазушыларды елестетеміз. Тоталитарлық жүйеде ойынды, пікірінді ашық жеткізу болмады. Сол кезде ақын-жазушылар өзінің әдеби амал-тәсілдерімен қоғамдық шындықты көркем тілмен астарлап жеткізді.

Қандай да бір елдегі зиялы топтың қалай пайда болуы, қандай бағыт жолдар бойынша дамитыны турасында Хангелді Әбжанов, Мәмбет Қойгелді және т.б. сияқты белгілі қоғам қайраткерлерінің бергісі мақала, әрісі кітап жазып, түсіндірмелер беріп жүр. Десек те, осы мәселенің насихаттық, түсіндірмелік жұмыстар жағы жас ұрпақты тәрбиелеу бағытында жұмысын атқара алып жүр ме деген ойлар бүйірден түртпектейді. Осы орайда, зиялы кім, оларды қалай айтамыз деп уақыт жоғалтып жатудың қажеті жоқ. Зиялы топтың өзі интеллектуалды, мәдени, саяси, элиталық болып бірнеше түрге бөлінеді. Қайсысы ұлт үшін, халық үшін қызмет етіп жүрсе, халық оны өзі көреді. Қашанда күрескерлерді қолдайды.

Күрескерліктің бірнеше формасы бар, ол тек билікпен бұйрықтың пәрменін жүргізу ғана емес, қолында үлкен күші бар қоғамдық пікір туғызу. Мәселен, бүкіл ғалымдар келісіп, «Біз қателесіп кеткен екенбіз, жер төрт бұрышты екен» десе, бұны Қазақстандағы 6 мыңнан астам бұқаралық ақпарат құралдары жарылса 1 ай жазса, адамның барлығының пікірі өзгереді. Зиялы қауым қолында шенеуніктің тетігі, билігі болмағанымен, оның аузында дуалы сөзі бар. Сөзі арқылы қоғамдық пікір қалыптастыра алады. Қазір де әлеуметтік тілдік, рухани елдік мәселелер тынбай күресіп жатыр...

Біздің еліміз алып территорияға, қуатты шикізат ресурстары мен теңдесі жоқ пайдалы қазба қорларына ие болып отыр. Ендігі жерде демократиялық,

құқықтық мемлекет құруға ұмтылған кезде ұлттың ұлттық зиялы тобын тәрбиелеп шығаруға баса назар аударайық! [35]

2-тапсырма. Оқылым. Мәтінді оқып, өз ойларыңызды жүйелі жеткізіп, пікір айтып, бағалаңыздар. «ПОПС» формуласын пайдаланыңыздар.

«ПОПС» формуласы

1. *Бірінші сөйлем* «Менің ойымша, ... »
2. *Екінші сөйлем* «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »
3. *Үшінші сөйлем* «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »
4. *Соңғы сөйлем* «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім »

Зиялы ұрпақ – ел ертеңі

«Нұр Отан» ХДП жанындағы Құқықтық кеңес Мәдениет министрлігімен және «Әріптес» үкіметтік емес ұйымдардың Алматы конфедерациясымен бірлесіп, «Зиялы ұлтты қалыптастырудағы отбасының рөлі» тақырыбында республикалық дөңгелек үстел отырысын өткізді.

Дөңгелек үстелдің жұмысына Президент Әкімшілігінің жауапты қызметкерлері мен Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың, азаматтық қоғам институттарының, жастар ұйымдарының өкілдері және ғалымдар мен сарапшылар қатысты. Қазақстандық зиялы ұлтты қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі ретінде алғаш рет Елбасы, «Нұр Отан» ХДП Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2009 жылғы қазанда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де жасаған жария дәрісінде көтеріліп, қоғам алдына осы міндет қойылған болатын. Отырысты осылай деп бастаған Парламент Мәжілісінің депутаты Нұрлан Әбдіров сөзін: «Зиялы ұлтты» қалыптастыру – ХХІ ғасырда қоғамды жаңғыртудың жолы, онда дамудың басты көзі креативті адам болады. Шығармашылық – бұл адамның өзін өзі жұмылдыру үдерісі, ол әркімнің өзінің рухани байлығы болуын, жеке тұлғаның даралығы мен төл қасиеттерінің болуын көздейді. Сондықтан да бағзы заманнан бүгінге дейінгі тарихи-мәдени мұраның барлық саналуандығы болашақтың рухани негізі мен қайнар көзі болып шығады, оларды сақтау мен толықтыру үрдісімен біздің «зиялы ұлтқа» ұмтылған жолымыз да шын мәнінде басталып кетті деуге болады. Сондықтан зиялы ұлтты қалыптастыру сияқты жаһандық проблема туралы әңгімелесу үшін отбасы тақырыбының таңдалуы тегін емес. Бұл ретте зиялы ұлт білім мен дағдыларды қолдану ретіндегі технократтық құбылыс тұрғысында ғана бейнеленбеуге тиіс. Ол ұлттық мәдениет ретінде танылып, ал оны қалыптастыру біздің қоғамымыздың мақсаты болуы тиіс», деп жалғастырған еді.

Дөңгелек үстел отырысында Президент Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Әлібек Асқар, Президент жанындағы Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия

хатшылығының меңгерушісі Рәшида Нәубетова сөйлеп, шешендер қазіргі күні әлемде еңбектің жаңаша бөлінісі орын алып отырғанын, ал зияткерлік еңбек саласында, ғылыми және мәдени өндіріс пен қызмет көрсету саласында білім экономикасы туындайтынын айтып, адам капиталының алға шығатынына тоқталды.

Қазақстан болашақтың керуеніне ілесу үшін бар күш-жігерін осы мүддеге жұмсай алады және жұмсауға да тиіс деген пікірге тоқайласқан жұртшылық отырыстың аяғында ұсыным қабылдап, онда Парламентке осы мәселеге қатысты арнайы тыңдау өткізу қажеттігін ұсынды. Ал Үкіметке зиялы ұлтты қалыптастырудағы отбасы рөлінің маңыздылығын ескере отырып, осы жұмысты барынша қолдау мақсатында қаржы бөлуді әлеуметтік тапсырыс есебінен ұлғайту жайын қарастыру елдік іс екендігі көрсетілді [36].

3-тапсырма. Айтылым. «Зиялы ұлт – болашақ тірегі» тақырыбында әңгімелесу үшін қалташаларға салынған жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланыңыздар. Шеңбер жасап отырып, сол сөздермен мәтін құрастырыңыздар.

6-бөлім Экология. Мұнай және атомдық индустрия

1-тапсырма. Тыңдалым. Ұсынылып отырған «Мұнай өндіруді арттыру мүмкіндігі қарастырылады» бойынша бейнебаянды зейін қойып тыңдаңыздар (<http://kaztube.kz/kz/video/122476>). Топтарға бөлініп, бейнебаян бойынша пікірлесіңіздер. Тақырып бойынша қандай ұсыныстар жасайсыздар?

2-тапсырма. Оқылым. Мәтінді оқып, өз ойларыңызды жүйелі жеткізуге тырысыңыздар, пікір айтып, бағалаңыздар. «ПОПС» формуласын пайдаланыңыздар.

«ПОПС» формуласы

1. *Бірінші сөйлем* «Менің ойымша, ... »
2. *Екінші сөйлем* «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »
3. *Үшінші сөйлем* «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »
4. *Соңғы сөйлем* «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ... »

Экология

Білімнің барлық салалары сияқты, экология үздіксіз дамып келді, бірақ ол бірде тез, бірде бояу болып отырды. Гиппократтың, Аристотельдің, басқа да көне грек философтарының еңбектерінде айқын экологиялық сипаттағы деректер бар. Сонымен бірге гректер «экология» деген сөзді білмеген. Бұл салаға «биологиялық қайта өрлеудің» (XVIII – XIX ғғ.) көптеген ұлы қайраткерлері де өз үлесін қосты. Мысалы, XVIII ғ. басындағы алғашқы микроскоппен зерттеушілердің бірі ретінде көбірек танымал болған Антон ван

Левенгук, сонымен қатар осы күнгі экологияның маңызды екі саласын – «қоректік тізбектерді» және популяция санының динамикасын зерттеудің пионері болып табылады.

Дербес ғылым ретінде экология шамамен 1900-шы жылы қалыптасты. «Экология» терминін 1869 ж. неміс биологы Эрнест Геккель ұсынған болатын. Демек, бұл біршама жас ғылым, сонымен қатар экология қазір қауырт өсу кезеңін басынан кешіріп отыр. Экология (грекше *oikos* – мекен, үй және *logos* - ғылым) сөзбе-сөз аударғанда – тіршілік мекені туралы ғылым. Экология ғылымына берілген көптеген анықтамалар бар, дегенмен, осы заманғы зерттеушілердің басым көпшілігі экология – организмдердің тіршілік ету жағдайларын және организмдер мен олардың тіршілік ету ортасы арасындағы өзара байланыстарды зерттейтін ғылым деп есептейді. Экология түсінігі өте ауқымды, сондықтан қай қырына баса мән берілуіне қарай, оның анықтамаларының тұжырымдалуы да өзгеріп отырады. Отандық экологтардың бірі А.С. Данилевский: «Экология – экологиялық дүйелердың құрылымы мен қызметі туралы және олардың гомеостазисін қамтамасыз етуші механизмдер туралы ғылым» деп анықтама берген. XX ғасырдың ақырғы онжылдықтары үшін Уэбстердің толық сөздігінде келтірілген: «Экология пәні – организмдер мен орта арасындағы байланыстардың жиынтығы немесе құрылымы» - деген анықтама экологияның мәніне көбірек сәйкес келеді.

Автолар неғұрлым дәл және қысқа тұжырымдама беруде бір-бірімен жарыса отырып, бұл ғылымға ең толық анықтаманы Эрнест Геккельдың өзі бергенін естерінен шығарып алады: «Экология деп, біз табиғат экономикасына қатысты барлық білімдерді – жануардың оны қоршаған органикалық және органикалық емес ортамен, әсіресе оның өзімен тікелей немесе жанама қатысатын жануарлармен және өсімдіктермен өзара ынтымақтастық немесе қастастық әрекеттерінің бар жиынтығын зерттеуді түсінеміз. Бір сөзбен айтқанда, экология – Дарвин тіршілік үшін күресті туындатушы жағдайлар деп атаған, барлық күрделі қарым-қатынастарды зерттеу болып табылады» [37].

3-тапсырма. Айтылым. «Сұрақ қоя білу» тәсілі арқылы мұғалімнің төмендегідей сұрақ түрлеріне жауап беріңіздер.

Негізгі сұрақ

Мұнай және атом индустриясының қазіргі кездегі жағдайы қандай?

Жанама сұрақ

Құрастырған сұрақтарыңызды басқа топтарға айтып, талқылаңыздар.

Анықтауыш сұрақтар

Алдыңғы сұрақтардың жауаптарын жазып одан тағы да сұрақ туындатыңыздар.

Жауаптағы детальдар негізгі сұраққа жауап бере ала ма?

Сұрақтар мен жауаптар шынайы ма? Әлде шындыққа жанаспай ма?

7-бөлім Қазіргі қоғам. Миграция, зияткерлік миграция

1-тапсырма. Тыңдалым. «Миграция» тақырыбындағы мәтінді тыңдап, «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жұмыс жүргізіңіздер.

Төрт сөйлем

1. *Пікір.* Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңізді бір сөйлеммен жазыңыздар.

2. *Дәлел.* Өз пікірлеріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіздер.

3. *Мысал.* Пікірлеріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіздер.

4. *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыздар.

Миграция

Миграция – [лат. *migratio* – көші-қон, қоныс аудару] – адамдардың (мигранттардың) қандай да бір аумақтардың шекарасынан өтіп, ұзақ уақытқа немесе біржолата қоныс тебу процесі. Халық көші-қонын бірегейлендірудің негізгі белгілерінің бірі – қандай да бір аумақтың әкімшілік шекарасын кесіп өту (мемлекет, аудан, аймақ, қала және т.б.). Осы негізде ең алдымен, халықаралық (мемлекетаралық) және ішкі миграцияны анықтайды. Ішкі көші-қон ел халқының жалпы санын өзгертпейді, халықаралық көші-қон әлем елдеріндегі халық санының өзгеруіне әкеледі, көбіне азаматтықты өзгерту орын алады. Сондай-ақ қала ішіндегі аумақтық көші-қондар («қала-қала»), ауылдық жерлердегі («ауыл-ауыл»), қалалық және ауылдық жерлердің өзара көші-қон алмасуы («ауыл-қала», «қала-ауыл»). Мерзімдік белгілеріне қарай қайтып оралмайтын (ішкі көші-қон, эмиграция, иммиграция) және қайтып оралатын миграция (ұзақ мерзімді, мезгілдік, үздік-создық, ауық-ауық көші-қон) түрлері анықталған. Түрлеріне қарай ерікті, мәжбүрлі, заңсыз көші-қон болып бөлінеді. Халықтың көші-қоны себептеріне қарай жіктеу де аса маңызды. Келесідей себептер анықталады:

- экономикалық;
- әлеуметтік;
- әскери;
- демографиялық (отбасы бірлесуі, некелік миграция);
- мәдени;
- саяси;
- діни және;
- этникалық.

Халықтың көші-қонын жекелеген елдердің, аймақтардың және жалпы әлемнің экономикалық-демографиялық дамуына елеулі әсер етеді [38].

2-тапсырма. Оқылым. Мәтінді оқып, көші-қон (миграция) мәселесін талқылаңыздар

Қазақстаннан 4 миллион 150 мың адам көшіп кеткен

Зерттеу мәліметтері бойынша, Қазақстаннан шетелге кеткен мигранттар

саны – 4 миллион 150 мың адам. Бұл – әлемдегі 11-орын. Зерттеуде Қазақстаннан қоныс аударған адамдардың жиынтық саны жарияланған. 4 миллион 150 мың деген - 2010 жылға дейін Қазақстаннан көшіп кеткен адам. Олардың 2 миллион 130 мыңы (51 %) – мұсылман, 560 мыңы (14%) – христиан және бір пайызға жетер-жетпесі (10 мыңға жуығы) – иудейлер.

Зерттеуге сәйкес, қазақстандық мигранттардың 89 % Еуропаға көшіп барған. Олар – 3 миллион 710 мың адам. 350 мың адам (8%) Азия-Тынық мұхиты аймағына қоныс аударыпты. АҚШ-қа – 30 мың (1 %-дан кем), Таяу Шығыс елдеріне 30 мың мигрант көшіп кеткен.

Осы деректі нақтылап айтқанда, Ресейде 2 миллион 650 мың, Германияда – 700 мың, Украинада – 250 мың, Беларусьте – 70 мың, Қырғызстанда – 50 мың, Түркияда, Польшада және Латвияда – 10 мыңға таяу, Канадада – 10 мың қазақстандық тұрып жатыр.

Қазақстанға басқа елдерден көшіп барып жатқан адамдар да көп. Қазақстан мигрант қабылдап жатқан елдердің арасында 15-орынды иемденіпті (13-сурет).



13-сурет – Қазақстандағы көші-қон

Қазақстанға келген мигрант саны — 3 миллион 80 мың: олардың 2 миллион 650 мыңы (86 %) – Еуропа мен бұрынғы Совет Одағы елдерінен, 430 мыңы (14 %) – Азиядан келген.

Қазақстандағы христиан мигранттар – барлық мигранттар санының 70 %. Олардан кейін мұсылман мигранттар тұр (15%). Зерттеуге сәйкес, Қазақстандағы 2 миллион 120 мың мигрант – Ресейден, 260 мың – Украинадан, 180 мың – Өзбекстаннан, 170 мың – Германиядан, 100 мың – Қытайдан, 50 мың – Беларусьтен, 40 мыңнан – Түркиядан және Әзербайжаннан, 20 мың – Польшадан, 10 мың адам Тәжікстаннан келген.

Pew орталығының зерттеу әдісіне сәйкес, бұл сандар әр жыл бойынша емес, 2010 жылға дейінгі әлемдегі көші-қон процесін тұтас қамтып көрсетеді. Зерттеуде мигранттар көп келетін және мигранттар көп шығатын елдер қамтылған. Кейбір елдердің миграциялық мәліметтері жоқ болғандықтан зерттеуге енбеген [39].

3-тапсырма. Айтылым. «Миграция» мәтіні негізінде «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы «Зияткерлік миграция» туралы өз ойларыңызды айтыңыздар, өзгенің пікірін бағалаңыздар.

Ойлаудың алты қалпағы

«*Ақ қалпақ*» киген оқушы қажетті ақпаратты анықтап сөйлейді.

«*Сары қалпақ*» киген оқушы тақырыптың тиімділігін сендіре айтады.

«*Қара қалпақ*» киген оқушы тақырып бойынша кемшіліктерді анықтайды.

«*Қызыл қалпақ*» киген оқушы тақырып бойынша болжам жасайды.

«*Жасыл қалпақ*» киген оқушы тақырып бойынша креативті, жаңа идеялар айтады.

«*Көк қалпақ*» киген оқушы тақырыпқа сараптама жасап сөйлейді.

Зияткерлік миграция

Миграция ерекше феномен ретінде ғылыми бөлінісінен бастап, әйтеуір бір контекстінде экономикалық немесе әлеуметтік, тарихи немесе мәдени, демографиялық немесе этникалық тұрғыдан қарастырылып келген еді. Бұл кездейсоқтық емес. Өйткені, миграциялық процестер бір жағынан, бір немесе бірнеше қоғамда болып жатқан өзгерістермен күшті байланысты және осы мағынада алғанда оның әр жағының дамуының өлшемі – саяси, этноәлеуметтік, еңбек нарығындағы жағдай, тағы басқалар. Екінші жағынан, өзара сандық қана емес, сапалық қатынаста да (мәселен, әлеуметтік-демографиялық және этномәдени сипатымен) ерекшеленген әр түрлі миграциялық ағымдар өте күрделі және осы себептен донор мен реципиент қоғамдардың да жағдайына ықпал етеді.

Қазіргі кезеңдегі әлемдік жаһандану процесіне байланысты, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі контекстіндегі миграциялық саясатының қалыптасуы мәселесі өте өзекті. Өйткені, еліміздің саяси режиміндегі және әлеуметтік-экономикалық құрылымындағы өзгерістер жаңа миграциялық жағдайдың пайда болуына әкелді.

Интеллектуалдық (зияткерлік) миграцияға жалпы сипаттама беретін болсақ, қазіргі кезеңде әлемде, әлеуметтік – экономикалық дамудағы адам факторы басты капиталға айналды. Халықаралық миграцияның ерекше сипаты, оның көлемінің үнемі ұлғаюы, миграциялық айналымға іс-жүзінде барлық елдердің қосылуы, оның үлесіндегі еңбек миграциясының тез өсуі. Ол барған сайын оған қатысушылардың мамандығына, біліміне, кәсібіне жіктелуде. Оған қатысушылардың арасында жоғары білікті жұмысшылардың үлесі ұдайы өсуде.

Интеллектуалдық (зияткерлік) миграция дегеніміз – ғылыми зерттеу мен әзірлемелермен шынайы немесе потенциалды (ықтимал) айналысып жатқан, сонымен бірге осы салада қызмет көрсететін жоғары білікті ғылыми және оқытушы кадрлардың миграциясы болып табылады.

Мемлекетаралық интеллектуалдық (зияткерлік) миграция уақытша және тұрақты болып екіге бөлінеді. Уақытша – халықаралық байланыстың түрі болса, ал тұрақтысы – эмиграцияға теңеліп және «ақыл-ойдың кетуі» атауын

алған еді. «Ақыл-ойдың кетуі» екі түрлі түсіндірілуі мүмкін. Ең көп мағынада – елден білікті, маманданған, шығармашылық жұмыспен айналысатын мамандардың, осымен қатар ықтимал мамандардың: студенттердің, аспиранттардың және стажерлердің кетуі [40].

4-тапсырма. Жазылым. Мәтінмен танысып, «Маған сыры мәлім болған бір құпия...» тақырыбында достарыңызға хат жазыңыздар.

Бағаланатын қабілеттер:

- өткен шақта жазу;
- төл және төлеу сөз қолдану;
- бірінші жақты қолдану;
- уақытқа байланысты жалғаулықтарды қолдану;
- толық сипаттау;
- соңында эмоциялар мен сезімдер жазу.

8-бөлім Қазіргі қоғам: Әлем және қауіпсіздік

1-тапсырма. Тыңдалым. «Әлем» тақырыбындағы мәтінді тыңдап, «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жұмыс жүргізіңіздер.

1. *Пікір.* Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.

2. *Дәлел.* Өз пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

3. *Мысал.* Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.

4. *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыз.

Әлем

Әлем – басқаша ғалам. Ғалам – алуан түрлі формада болатын әрі ұдайы өзгеріп отыратын, кеңістік пен уақыт бойынша шеті де, шегі де жоқ бүкіл дүние. Ғаламды (араб сөзінен) зерттеумен тікелей шұғылданатын ғылым – астрономия. Ал барлық ғылыми білімге негізделген ғалам жөніндегі пайымдаулар космологияның мәселесі болып есептеледі.

Ғаламның шексіздігі туралы алғашқы пікір біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырда өмір сүрген ежелгі дәуірдегі грек ғалымы Гераклиттің (біздің заманымыздан бұрынғы V ғасыр) еңбектерінде кездеседі. Гераклиттің көзқарасын Демокрит, Эпикур және Лукреций одан әрі дамытып, кейінгі дәуірлерде Жердің шар тәрізді екенін және аспан шырақтарының бір-бірінен алшақтылығын анықтауға байланысты зерттеулер (Пифагор, Аристотель, Эратосфен) жүргізілді. Бірақ шіркеу мен дін үстем болған дәуірде мұндай озық ойлар қолдау таппай, тек Қайта өркендеу дәуірінде Николай Коперниктің «Аспан сферасының айналысы туралы» атты кітабы космогонияда ғылыми зерттеуге жол ашты. Біз мекендеген Жер де, басқа планеталар, құйрықты жұлдыздар мен метеорлық денелер тәрізді, Күн жүйесінің құрамына енеді. Күн жүйесінің диаметрі он миллиард шақырымдай. Ғалам кеңістігінде біздің Галактикатәріздес миллиондаған басқа да галактикалардың бар екендігі

анықталды. Зерттелген галактикалар жиыны Метагалактика деп аталады.

Әлем — уақыт пен кеңістік бойынша шексіз және өзінің даму процесінде материя қабылдаған нысандары бойынша ақыры жоқ сан алуан бүкіл бар материалдық дүние. Қазіргі түсінік бойынша, Әлемнің жасы 15 млрд жыл шамасында.

Әлем — бұл нақты өмір суретін, уақыт пен кеңістік бойынша шексіз және өзінің дамуы барысында барлық мүмкін болатын пішін қабылдайтын материялық әлем.

Қазіргі құралдармен бақыланып отырған әлемнің бөлігі Метагалактика деп аталады. Бұл біздің Әлем. Оның өлшемі бақыланатын ең алыс денелерге дейінгі қашықтықпен шектеледі. Әлем көптеген метағаламнан тұруы мүмкін [41].

2-тапсырма. Оқылым. Мәтінді оқып, сөйлемдердің стилін анықтаңыздар. Топ болып ақылдасып, автор туралы мәлімет беріңіздер (15-кесте).

15-кесте – Автор туралы мәлімет

Бірінші жақтан баяндайтын автор	Үшінші жақтан баяндайтын автор

Көп білетін автор	Күмәнді автор
-------------------	---------------

Бір кезде Құдай адамды жаратты. Бұны Ол ненің құрметіне, не мақсатпен жасады? Неге жеткісі келді? Бәлкім, Ол жалғызсыраған болар, және Оған әңгімелесуші керек болған шығар, әлде жай қозғалып, тұтынып қана емес, ойланып, толғанып, жаңа бір нәрсе жасап шығаратын қуыршақ керек болды ма екен? Олай болса, Ол оны негізгі ақиқаттан айырып, өзіне ұқсатып жаратқан болар еді. Адам Құдай болмас үшін, Оның орнын басуға тырыспас үшін, Ол адамды барлық нәрседегі ақиқаттан айырап еді. Жаратушы адамға жәннатты сыйлады, ештеңеге зарықпас үшін барлық нәрсені берді. Ал содан кейін, бір керемет шақта, Ол басқа әлемдерді жарату үстінде, адамды ұмытып кетті. Адам қараусыз, өзімен-өзі қалған кезде, қалағанындай өмір сүре бастады.

Ақиқатты білмегеннен соң, адам қателіктер жасай бастады, олар күннен-күнге арта түсті, және ақыр аяғында Құдайдың жаратқан жәннаты өзінің келбетін жоғалтып, бұрынғы түріне ұқсамай кетті. Бұны түсінген адам өзінің жаратылу себебін, өмірінің мәнін іздей бастады, және Құдайды, Оның ақыл-өсиеттерін, нұсқауларын есіне алды, бірақ бәрібір өзінің қателіктерінің хақ себебін түсіне алмады, Жаратушыға өз зарын естірте алмады, және жәннаттың құлдырау үрдісін тоқтата алмады.

Сол кезде адам жерге түсті. Жер бір ғана адам үшін тым үлкен болды және адам өзінің көп болатынын шешті. Осылайша адамзат пайда болды (14-сурет).



14-сурет – Адам және табиғат

Адамзат жер бетіне қоныстана бастады, жерді бөліп, бір-біріне ұқсамас үшін, әртүрлі тілдер, киімдер, түрлі терінің, көздің, шаштың түстерін жаратты, және сайып келгенде мемлекеттер құра бастады.

Басқалардың жері кеңірек, құнарлығы молырақ екенін түсінгенде, адамдарда тартып алып, өзгенікін иемдену тілегі туындады, сол себепті олар өздеріне ұқсастарды жойып жіберу қаруларын жасап үйренді, уақыт өте келе бұл қарулар одан да қорқынышты, одан да мейірімсізбола түсті.

Бұдан кейін, соғыстар, байлықты мақсат тұтқан соғыстар басталды, өйткені адамға түсініксіздікпен және өмірдің мәні мен ақиқатты танымағандықпен бірген келген сараңдықтың шегі жоқ болып шықты.

Осылайша, адам өзінің шексіз адасушылығы мен қателіктерінің нәтижесінде өзі тұратын тозақты жаратты, кеудені өкініш жаулаған минуттарда адамның сол тозақтан құтылып, сытылып шыққысы келеді, бірақ нәпсі мен қажеттілікке ауырлаған күйде надандық пен қараңғылықтың батпағына одан да терең батады. Кейде, тығырыққа тірелгенде ол Құдайға жалбарынады, алайда көптеген конгломераттарға, конфессиялар мен тілдерге бөлінген дауыс гүбірлеп, анық шықпайды, қарама-қайшылық пен қарсы тұрушылыққа батқан ол дауыс, Жаратушыға естілетін бірыңғай қуатты үндеу тудырмайды.

Не істеу керек? Барлығы қарапайым, ақиқатты өзіңнен табуың керек, Құдайды өзіңнен іздеуің керек, барлығы біртұтас, бөлінбейтін бүтін екенін, Жаратушыны, және жәннатты тек бірге ғана қайтаруға болатынын түсінуің қажет. Тек бір-бірімізге қол созып, бірыңғай хорда мәңгілік құндылықтарды: жақсылық пен әділеттілікті, мейірімділік пен махаббатты, бейбітшілік пен татулықты асқақтатуымыз керек.

Иә, бұл қиын, тіпті еңсерілмейтін жол, дегенмен, біз ол жолмен жүріп өтуге міндеттіміз, себебі басқа жол жоқ [42].

3-тапсырма. Айтылым. «Дәстүрлі әңгіме» әдісі бойынша қауіпсіздік туралы әңгімелесіңіздер. Сондай-ақ басқа топқа мәтіннің мазмұны бойынша 5 сұрақ құрыңыздар. Әңгіме мазмұны мен маңызы туралы идеяларыңызбен пікір

алмасыңыздар.

Қауіпсіздік

Қауіпсіздік – жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қатерден қорғалуы. Қауіпсіздіктің негізгі нысандары: жеке адам – оның құқықтары мен бостандықтары.

Қауіпсіздік: 1) қауіп-қатерлерден қорғаныс; 2) нысанның, құбылыстың немесе үдерістің басқа нысандардың, құбылыстардың немесе үдерістердің тарапынан болатын кері ықпалдарына қарамай өзінің негізгі белгілері мен мәнін қорғау, сақтау қабілеті; 3) аса ауыр зиян немесе залал келтіруі мүмкін емес нысанның қалпы; 4) қызмет ету барысында жағымсыз өзгерістерге ұшырау мүмкіндігі аса жоғары емес нысанның тұрақты дамуының қалпы; 5) қауіпті тудыратын факторлар әрекетін шектеу, қауіп-қатердің аса жоғары емес деңгейі (қауіп-қатерден қорғаныс деңгейі); 6) басқа нысандарға аса қауіпті залал, зиян тигізуі мүмкін емес нысанның қалпы. «Қауіпсіздік» ұғымын осылайша түрлендіру, оның адам өмірінің көптеген нысандарына, үдерістеріне, құбылыстарына қатысты қолданылуына байланысты [43].

4-тапсырма. Жазылым. «Бестармақ» тәсілі арқылы «Әлем және қауіпсіздік» тақырыбы бойынша ойларыңызды тиянақтап, өзіндік түсініктеріңізді нақты сөздермен келтіріңіздер.

Бестармақтың құрамы

1. Бірінші тармақ (жол) 1 зат есімнен тұрады.
2. Екінші тармақ 2 сын есімнен тұруы керек.
3. Үшінші тармақта 3 етістіктің болуы шарт.
4. Төртінші жол кез келген сөз таптарынан тұратын 4 сөзден тұрады.
5. Бесінші жол (әдетте зат есім) тағы да бір сөзден тұрады.

9-бөлім Қазақстан халықтарының рухани құндылықтары

1-тапсырма. Тыңдалым. «Рухани құндылықтар» тақырыбындағы мәтінді тыңдап, «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жұмыс жүргізіңіздер.

Төрт сөйлем

1. *Пікір.* Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңізді бір сөйлеммен жазыңыздар.
2. *Дәлел.* Өз пікірлеріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіздер.
3. *Мысал.* Пікірлеріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіздер.
4. *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыздар.

Рухани құндылықтар – әлеуметтік танымның өлшемі

Қазіргі кезеңде мемлекетіміз үшін азаматтар бойындағы өзіндік

қасиеттерге нұқсан келтірмей жаңа қасиеттерді, дербестікті және таңдау мен шешім қабылдау жағдайындағы жауапкершілікті тұлғааралық барабар қарым-қатынас орнатуға, қоғамдағы тиімділікті арттыруға әсер ететін білім, білік, дағдыларды ұлттық мәдениет аясында қалыптастыру мәселесі тұр. Осыған байланысты адамдар арасында толеранттық мінез-құлық қалыптастыру, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу және оған қарсы әрекет ету шаралары қазіргі көп ұлтты еліміз үшін түрлі шаралар ұйымдастырылып, жүзеге асырылуда. Мемлекет жүргізіп отырған ұлтаралық келісім мен ұлтаралық бірлікті дамытуға бағытталған нақты саясат аға буын мен кіші буын арасындағы өзара түсіністікті, ең бастысы, ата-ана мен бала арасындағы бірлікті, жастардың ішкі мәдениетінің дамуын ұлттық сана-сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық құндылық тұрғысынан қамтиды.

Өкінішке орай, бүгінде жалған діни ағымдардың қатері жастарға қауіпін төндіруде. Діни ағымдар адамдардың денсаулығына, психикасына әсер етіп, әр түрлі психологиялық амал-тәсілдерін қолданып жатыр, олар: гипноз, медитация, шексіз бір қалыпты сыйынулар. Осындай топқа түскен адамдар оның әсерінен біржола құтылу жолдары күрделі болмақ. Адам мұндай тығырықтан шығу жолында жалғыз өзіне көптеген қиындықтарға әкеп соқтырады. Тағдыр талайында адасып жүргендерге мемлекет, қоғамдық мекеме, мамандар өз тараптарынан аянбай көмектерін беруде.

2008 жылдан қызметін бастаған «Виктория» орталығы мемлекеттік емес мекемесі теріс діни әрекеттерден зардап шеккен адамдармен белсенді түрде жұмыс жасауда. Бастапқы кезде «Виктория» орталығының кеңсесінде сондай адамдарға кеңестер берілген болатын. Қазіргі таңда Қарағанды облысы «Ішкі саясат басқармасы» ММ-нің қолдауымен оңалту орталығы өз қызметін атқарып, «Виктория» орталығының мамандары оңалту орталығының құрылуы мен ашылуы негізінде ұйымдасқан ғылыми-әдістемелік жұмыстар жүргізуде. Орталықта өмір сүруіне барлық жағдай жасалған. Теріс діни әрекеттерден зардап шеккен адамдардың оңалту кезеңі педагогикалық, әлеуметтік, психодиагностикалық, психокоррекциялық іс-шаралар жүйесін құрап, психологтар, педагогтар, әлеуметтік жұмыскерлер, дінтанушылар және заңгерлер өз міндеттерін атқаруда. Орталыққа өтініш білдірген адамдарды қайтадан қоғамға бейімдеуде оңалту орталығының мамандары барлық мүмкіншіліктерді жасауда. Отбасынан, жұмысынан безіп, өзін азаптау мен қорқыныш сезімдері сияқты мәселелер орын алуда. Орталықтан көмек сұрап келген азаматтар алдымен жазбаша түрде өтініш жазады. Онда өзінің қысқаша өмір жағдайы баяндалады. Орталықтың шешімімен ондай азаматтарды үш ай мерзімді емдеу курсына қабылдайды. Зардап шегушілердің жағдайына байланысты мамандардың келісімімен емдеу курсы ұзартылуы мүмкін.

Орталыққа түскен адамдар тазалық процедураларынан басталып, міндетті түрде медициналық қызмет түрлерінен өтеді. Орталықта адамның қысымы көтеріліп, жедел жәрдем шақыртқан кездер де болды, яғни мамандар тек қана психологиялық жағдайын ғана емес, физикалық денсаулығына да көңіл бөледі.

Орталықта емделушілердің жеке өмірі туралы ақпарат құпиялылықта сақталады. Мамандардың қолдауымен және зардап шегушінің дербес

келісімімен оның өмір жайы туралы қоғамға айтылуы мүмкін. Мәселен, қарағандылықтарға өзінің діни тәжірибесі туралы айтқан Дмитрийді атап өтуге болады. Бұл адам өте сауатты, көптеген құрылыс мамандықтарын игерген. Ол өзінің кемшіліктері туралы және онымен қалай күресуге болатыны жөнінде баяндады. Үш ай бойы орталықта болуы, қоғаммен ой бөлісуі, ол адам үшін үлкен жетістік болды. Курстың соңғы айларында оның дінге деген қатынасы өзгерді. Соқыр нанымдар мен фанатизмнен ол өз бетімен православтық шіркеуге келді.

Бірақ үйі-күйі жоқ адамдар үшін қиыншылықтар таусылмайды. Өмір бойы жиылған мәселелер үш айда нақты нәтижелер береді деп айту қиын. Сондықтан да «Виктория» орталығында теріс пиғылды діни бірлестіктердің әсерінен сақтану амалдарын түсіндіретін еріктілер тобы құрылған.

Оңалту орталығындағы басты құрылымдарының бірі зардап шегушінің отбасымен жұмыс жасау. Көп жағдайларда басқа ағымдардың жетегінде кеткен адамдардың туыстары, жақындары дабыл қағады. Психологтар отбасы мүшелерімен жұмыс жасайды. Жұмыстың нәтижесінде отбасындағы өзара қатынастар дұрысталып, шешімін тауып, ең соңында «Виктория» орталығына келеді. Мамандар ол адаммен кеңесуге мүмкіндік алады. Келіп түскен өтініштер бойынша, ата-анасының екі түрлі ағымдарда жүргендігі және екі оттың арасында қалған балалардың болашағы зор алаңдатушылық туғызады.

Шыны керек, қазіргі таңда ағайындардың бір-біріне жау болуы мен отбасының ойрандауында діни белгілер байқалуда. Қазақстан қоғамы үшін жоғары құндылық ол мықты отбасы, сондықтан да «Виктория» орталығы отбасын сақтауда көптеген үлесін қосуда.

Оңалту орталығы зайырлы мекеме болып табылады. Мамандар әр дін туралы насихат жұмыстарын жүргізбейді. Біздің мақсатымыз негізгі дін мен жалған діни ағымдардың ара жігін ажыратып түсіндіріп беру болғандықтан, әрі қарай шешімді зардап шегуші өзі қабылдайды.

Көбінесе өмірден қиналып адасып жүрген адамдар құдайға сену арқылы көптеген мәселелер шешімін табады деп ойлайды. Мысалы, жеке куәлік алу үшін құдайдан көмек сұраудың қажеті жоқ, бірақ діни ағымдардың өкілдері құдайға сену арқылы көптеген тіршілік түйткілдері шешіледі деп сендіреді. Қиналған адамдардың уақыт оздырып, саналары улануы бізге көптеген қиыншылықтар тудырады.

«Виктория» орталығының басты бағыты діннің қоғамда, адам өмірінде қандайлық маңызға ие екендігін айғақтап беру ғана емес, бұған қоса, қандай дінді ұстанғандығы мен қандай сенімде болғандығына қарамастан, адамдар санасын келісім, түсіністік, достық ұғымдарын мейлінше молынан сіңіру екендігін баса айтуымыз қажет [44].

2-тапсырма. Оқылым. «Рухани құндылық» тақырыбындағы оқылған материал бойынша мәтіннің негізгі ойын анықтап, қорытынды жасауға үйреніңіздер. «Пирамидалық талқылау» стратегиясын қолданыңыздар.

«Пирамидалық талқылау» стратегиясы

Топ мүшелері өз пікірін жеке жазып, ортада талқылап, ортақ пікір қалыптастырады. Топ мүшелерінің саны 4 оқушыдан болуы керек. Әр топ таратылған флипчарт қағазға тапсырмаға байланысты жеке өз ойларын жазады. Қағазды бұру арқылы бір-бірінің жауабымен танысады. Жауаптарымен танысып, ортақ пікірді қағаз ортасына жазып, ойларын қорғайды.

Рухани құндылық

Қазақ халқының ғасырлар тұңғиығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан рухани құндылықтары бізге сол мәдениет, эстетикалық-этикалық талғамдарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрыпы, салт-дәстүрлері, әдеби мұрасы арқылы жетіп отыр. Әр адам өзінің ұлттық тамырын әдет-ғұрпынан, мәдениетінен көре алады. Өз Отанына деген сүйіспеншілігі, туған жеріне, халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып ұштасып біте қайнасып жату керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-сана, патриоттық сезімге еліне деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Міне, осының бәрі-рухани құндылықтарға жатады. Оның қайнар көзі, бастамасы әрине отбасы. Қазақ отбасы тәрбиесінің өзіне тән ерекшеліктері бар. Қазақ халқында білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған. Қазақ отбасында адам зиялылығының негізі – ақыл ой тәрбиесі деп есептелінеді. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы ойлау іс-әрекетінің шарты болатын білім қорымен қаруландыру, рухын асқақ ету, зиялылық біліктері мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешіледі. Қазақ халқында ерекше құрметтелетін отансүйгіштік, ар-ұят, намыс, әділдік, адамгершілік пен имандылық сияқты түсініктер отбасында бала санасына берілетін еді.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Бұл мәселенің басында тұрған дүние – рухани құндылықтар. Қазақ халқының рухани әлемі еліміздің территориясында мекендеген ежелгі тайпалардың қауымдастықтарында тарихи қалыптасқан менталдық, әлеуметтік, психологиялық этномәдени дәстүрлерден бастау алады. Сол кезеңдерден қазақ халқының қазіргі таңға дейін жеке ел болып танылуы мен сақталуы тек өз ұлтымызға ғана тән мәдени мұралар, рухани құндылықтар, ұлттық ерекшеліктерімізбен тығыз байланысты.

Рухани құндылықтар – ұлттың тірегі, ұлттың моральдық жетекшісі. Егер жетекшісі адасса, артындағы топ та соның артынан кетпек. Сонда көкейде бір сұрақ туады: «Бүгінгі таңда жастарымыздың рухани құндылықтары не? Оның жай-күйі қандай?». Жауап әрине көңіл қуантарлық емес. Қазіргі қазақ жастардың көпшілігі жаһандану заманына сай боламыз деп, өздерінің адами келбеттерін, ұлттық санасын ақсатып алған. Кітап оқуды мүлдем естен шығарған. Абай атамыз «Артық білім кітапта», – деген. Өз интелектісін өрлетпек боп жүрген бірі де жоқ. Тіпті олардың тыңдайтын шет елдік әуендері біздің менталитетімізге тым жат, кейбіреулері тіптен мәнсіз. Туған жерге деген сүйіспеншілік жоқтың қасы. Сонымен қоса әр түрлі жұлдыздарға еліктеулері де

оларды өздерінің идеалдары санауы. Бұрынғының идеалдары Абай, Шоқан, Мұхтар, Бауыржан тағы басқа зиялы тұлға болса, қазіргі жастарда бізге жат шетелдік әнші мен актерлер ғана. Соларға ұқсағысы келіп өздерінің шынайы қазақы болмысын жоғалтуда. Бұл да рухани азуды көрсетеді. Ал рухани байлығын, адами және мәдени құндылықтарын, ұлттық санасын, дәстүрін жоғалтқан ұлттың болашағы әрқашан бұлыңғыр болмақ. Егер болашағымыздың жарқын болуын қаласақ осы мәселелерді шешуіміз керек. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу міндет [45].

3-тапсырма. Айтылым. «Сұрақ қоя білу» тәсілі арқылы мұғалімнің төмендегідей сұрақ түрлеріне жауап беріңіздер.

Негізгі сұрақ

«Рухани құндылық» деген ұғымды қалай түсінесіздер?

Жанама сұрақ

Құрастырған сұрақтарыңызды басқа топтарға айтып, талқылаңыздар.

Анықтауыш сұрақтар

Алдыңғы сұрақтардың жауаптарын жазып одан тағы да сұрақ туындатыңыздар.

Жауаптағы детальдар негізгі сұраққа жауап бере ала ма?

Сұрақтар мен жауаптар шынайы ма? Әлде шындыққа жанаспай ма?

4-тапсырма. Жазылым. «Қазақстан халықтарының рухани құндылықтары» тақырыбы бойынша бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен салыстыра отырып, креативті эссе жазыңыздар.

Қорытынды

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, бүгінгі таңда жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымын қалыптастыруға, әлемдік сапа деңгейін, білім негіздерін меңгеруіне, яғни жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беруге ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құруға бағытталған жаңартылған бағдарламалар өте маңызды рөл атқарғалы отыр. Аталған бағдарламалар оқушылардың кең спектрлі дағдыларының дамуына, атап айтқанда:

- сын тұрғысынан ойлауға;
- білімін шығармашық тұрғыда қолдану білігіне;
- зерттеу дағдыларына;
- АКТ дағдыларына;
- жеке және топта жұмыс істеу білігіне;
- коммуникативті дағдыларға;
- қойылған міндеттер мен мәселелерді шеше білу білігіне бағытталған.

Осыған орай жаңартылған бағдарламалар бойынша әзірленген 10-11-сыныптардағы «Қазақ тілі» (Т2) пәнінің жаңартылған мазмұны бойынша дидактикалық материалдар» әдістемелік құралындағы тапсырмалар оқушылардың айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдыларымен қатар түсіну және жауап беру, анализ, салыстыру және бағалау дағдыларын қалыптастыра отырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытады. Оқушылар әңгіме, поэзия, драма, сондай-ақ ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарын (газет-журналдар т.б.) сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін, танымдық дағдыларын арттыра отырып, білім әлеміне жол ашады. Сондай-ақ, білім беруді жаңарту қазіргі кездегі оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың патриотизмін, мораль және адамгершілік нормаларын, ұлтаралық келісім мен төзімділігін, физикалық және рухани дамуын, заңды құрметтеуін қалыптастыруына бағыттайды.

Ал оқушылардың сол барлық қабілеттерін дамыту мұғалімнің көшбасшылық қабілетіне, яғни әр сабағында қалыптасып отыратын, шығармашылық ойлауға, жылдамдыққа, икемділікке, тапқырлыққа үйретуіне байланысты. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың: «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай, мұны әрбір мұғалім жадында сақтай отырып, жан-жақты ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істеуі тиіс [46].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 28. 01. 2011 ж. Қазақстан халқына Жолдауы. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз! [Электрондық ресурс]: <http://adilet.zan.kz>
- 2 Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың 17. 01. 2014 ж. Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. [Электрондық ресурс]: <http://adilet.zan.kz>
- 3 Құлмағамбетова А.Ш. Тілдік дағдылардың меңгерту жолдары [Электрондық ресурс]: <http://nis.edu.kz/>
- 4 «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы № 211 Заңы [Электрондық ресурс]: <http://adilet.zan.kz>
- 5 Туризм ұғымы және түсінігі туралы [Электрондық ресурс]: <http://malimetter.kz/turizm-ugymy-zhane-tusinigi/>
- 6 Қазақстандағы экологиялық туризмнің дамуы [Электрондық ресурс]: <http://myuniversity.ru>
- 7 Өмір мен Өнер.[Электрондық ресурс]: <http://massaget.kz/blog/10377>
- 8 Жарқынбеков С. Менің Мұқағалиым немес ақын рухымен сырласу. [Электрондық ресурс]: <http://baq.kz/>
- 9 Оразалы С. Заңғар. [Электрондық ресурс]: <http://alashainasy.kz/>
- 10 Зиманов С.З. [Электрондық ресурс]: <http://kk.wikipedia.org/wiki>
- 11 Нанотехнология.[Электрондық ресурс]: <http://www.egemen.kz/>
- 12 Алпамысқызы Н. Елеулі екі ғылыми жаңалық ел бақуатын арттыруға септігін тигізеді. [Электрондық ресурс]: <http://egemen.kz/?p=18866>
- 13 Айдархан Н. Ғылыми жаңалықтар [Электрондық ресурс]: <http://massaget.kz/>
- 14 Наурыз мейрамы [Электрондық ресурс]: <http://axi-referat.ucoz.kz/>
- 15 Ағзамова З., Шаймерденова К. Қазақ тілі. –Алматы. «Мектеп», 2009. - 30 б.
- 16 Адам еңбегі. [Электрондық ресурс]: <http://mdt.idhost.kz/home/2012-09-29-16-50-06/279-2012-11-01-12-22-41>
- 17 Ғарышқа ынтық адам, әрқашан жасампаздық жолында еңбек етеді - Халық Қаһарманы Талғат Мұсабаев. [Электрондық ресурс]: <http://kazinform.kz/>
- 18 Сауда. Сауда түрлері. [Электрондық ресурс]: <http://kk.wikipedia>
- 19 Сауда. [Электрондық ресурс]:. <http://ustaz.kz/sait-bolimderi/file/5072-yesbola-orazkyl-bolshyek-sauda>
- 20 Екі жақты сауда қатынастары.[Электрондық ресурс]: http://eeas.europa.eu/delegations/kazakhstan/eu_kazakhstan/trade_relation/bilateral_trade/index_kk.htm
- 21 Мен - донормын, шипа болар қаным бар... [Электрондық ресурс]: `<iframe src="http://vk.com/video_ext.php?oid=180103650&id=164419785&hash=f50ea36fa31df8b4" width="607" height="360" frameborder="0"></iframe>`
- 22 Мақатаев М. Дарифа жүрек. -Алматы: Жазушы, 1972. -155 б.
- 23 Денсаулық энциклопедиясы. –Алматы, «Балалар әдебиет» баспасы,

2007, - 263 б.

24 Қазіргі жастар мәдениетті ме? [Электрондық ресурс]: http://baq.kz/kk/regional_media/post/7662

25 Қоғам. [Электрондық ресурс]: <http://kk.wikipedia>

26 Қоғам. [Электрондық ресурс]: <http://www.testent.ru>

27 Интернет. [Электрондық ресурс]: <http://kk.wikipedia>

28 Интернет жетістіктері. [Электрондық ресурс]: <http://kk.wikipedia>

29 Ұзақ Ғ. Бос уақытта қандай ермек іспен айналысса болады? [Электрондық ресурс]: <http://massaget.kz/bastangy/psihologiya/4337>

30 Театр әлемде. [Электрондық ресурс]: <http://kk.wikipedia>

31 Әлемдегі ең үлкен театр. <http://massaget.kz/madeniet/teatr/732>

32 Күздеубай Н.Ш. Тәуелсіз Қазақстан: бүгіні мен болашағы. [Электрондық ресурс]: <http://stud24.ru/journalism/>

33 Қазақстан. [Электрондық ресурс]: <http://referattar.info/qazaqstan/>

34 Жұмабайқызы Г. Ел тірегі – экономика: Сұхбаттар. - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2012. - 28 б.

35 Кауменова Р. Зиялы қауым. [Электрондық ресурс]: <http://el.kz/>

36 Төлеуханқызы А. Зиялы ұрпақ – ел ертеңі. [Электрондық ресурс]: http://i-news.kz/news/2011/10/01/6058822-ziyaly_urpak_el_erteni.html

37 Экология. [Электрондық ресурс]: <http://www.bauka.kz/index.php/2011-08-20-05-59-56/2011-09-10-05-44-08/1198-2011-10-31-14-51-35>

38 Миграция. [Электрондық ресурс]: <http://www.azattyq.mobi/>

39 Танаева Л. Қазақстаннан 4 миллион 150 мың адам көшіп кеткен [Электрондық ресурс]: <http://www.azattyq.mobi>

40 Тұрғанәліұлы М.С. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі контексіндегі миграциялық саясатының қалыптасу мәселелері. Ғылыми басылым. Монография. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2005. - 140 б.

41 Әлем. [Электрондық ресурс]: <http://kk.wikipedia>

42 Әлем мен адам жаратылысы жайлы. [Электрондық ресурс]: http://kz.tolegenmukhamejanov.kz/lem_men_adamny_zharatylysy_zhay

43 Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. -Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008. - 125 б.

44 Украинская В., Артемьева В., Гимадиева Қ. Рухани құндылықтар – әлеуметтік танымның өлшемі. [Электрондық ресурс]: http://ortalyk-kaz.kz/publ/rukhanijat/rukhani_ndyly_tar_leumettik_tanymny_lshemi/3-1-0-747

45 Рухани құндылықтар. [Электрондық ресурс]: <http://rukhanialem.psu.kz>

46 Білім берудің жаңарту жолдары. [Электрондық ресурс]: <http://bilimsite.kz/>

Мазмұны

Кіріспе	3
1 10-сыныптағы «Қазақ тілі» (Т2) пәніне арналған дидактикалық материалдар	5
2 11-сыныптағы «Қазақ тілі» (Т2) пәніне арналған дидактикалық материалдар	37
Қорытынды	61
Пайдалынған әдебиеттер тізімі	62

**10-11-сыныптардағы «Қазақ тілі» (Т2) пәнінің жаңартылған мазмұны
бойынша дидактикалық материалдар**

Әдістемелік құрал

Басуға 29.08.2014 қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 4,0.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК
010000, Астана қ., Орынбор көшесі 4, «Алтын Орда» БО, 15-қабат.